

Құрметті
Отан қорғаушылар!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл күн – еліміздің қорғаныс саласында жүрген азаматтар үшін мәні терең ерекше күн. Күн сайын сіздер Тәуелсіз Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, өздеріңіздің азаматтық борыштарыңызды адал және жанқиярлықпен орындап келесіздер. Бұл мереке – өз тағдырын Отанды қорғаумен байланыстырған әскери қызметшілер мен ардагерлердің, запастағы офицерлер және қорғаныс саласында еңбек етіп келе жатқан барлық азаматтардың мерекесі.

Бүгінде еліміздің Қарулы Күштері мемлекеттік биліктің, ұлттық бірлік пен тұрақтылықтың басты нышандарының бірі болып саналады. Қазақстан армиясы – қаһармандық пен табандылықтың, патриотизмнің даңқты дәстүрлерін жалғастыра отырып, кез келген уақытта сырттан төнетін сын-қатерлерге жауап беруге дайын заманауи, мобильді және кәсіби құрылым.

Құрметті жауынгерлер мен ардагерлер!

Сіздерге еліміздің қорғаныс саласын дамыту мен бейбітшілік пен тыныштыққа қосқан үлестеріңіз үшін шын жүректен алғыс білдіре отырып, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға бақ-береке тілейміз. Еліміздің іргесі берік, аспаны ашық болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

Құрметті
ардагерлер мен
тыл еңбеккерлері!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Біздің әрқайсымыз үшін бұл мереке Отанға деген шексіз сүйіспеншілік пен батырлықтың, төзімділіктің символы іспетті. Уақыт алға жылжып, бізді сол құрделі кезеңнен алыстатқанмен Отан үшін от кешкен батырларымыздың ерлік істері жадымыздан мәңгі өшпейді. Себебі олар аспанымыздың ашық болуын көк-сеп, сол жолда батырларға тән іс жасап, нағыз қаһармандықтың үлгісін көрсетіп кетті.

Сіздердің майдан даласындағы ерліктеріңіз бен тылдағы қажырлы еңбектеріңіздің арқасында біз бүгін Жеңіс күнін атап өте отырып, жастарымызға бейбітшіліктің маңызы туралы айта аламыз. Біз сіздердің батырлықтарыңызға тағзым ете отырып, осы арқылы жас ұрпаққа өткенді құрметтеуге, елге қалтқысыз қызмет етуге, Отанды әруақытта қорғауға әзір болуды сіңіреміз. Бұл тәрбие – ертеңгі жарқын болашағымыздың кепілі.

Құрметті ардагерлер!

Сіздер шынайы патриотизм мен батырлықтың үлгісі болып табыласыздар. Барлықтарыңызды Жеңіс күнімен құттықтай отырып, дендеріңізге саулық тілейміз. Ғұмыр жастарыңыз ұзақ, жақындарыңыздың жан жылуына бөленіп жүре беріңіздер. Еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын!

Ермағанбет БӨЛЕКПАЕВ,
Қарағанды облысының әкімі,
Нұркен КОБЖАНОВ,
Қарағанды облыстық
мәслихатының төрағасы

Жеңісті жақындатқандар

Биыл Екінші Дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына – 80 жыл. Қарағанды облысынан мыңдаған жауынгер соғысқа аттанып, көбісі ерлікпен қаза тапты. Қазір аймағымызда сол сұрапыл соғыстың санаулы ардагері қалды. Айтулы мереке қарсаңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ел азаматтарымен бірге облыс орталығындағы «Аристар» салтанат сарайында соғыс және тыл ардагерлерін құттықтады. Кеш қонақтарын Талғат Бигельдинов атындағы Қарағанды республикалық әскери мектептің тәрбиеленушілері құрметпен күтіп алды.



Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойымен құттықтап, жерлес ардагерлеріміздің жанкешті ерлігінің ұрпақтан-ұрпаққа өшпес өнеге болып қала беретінін айрықша атап айтты.

Биыл – Жеңіске 80 жыл. Өңірімізде еске алу шаралары, концерттер, ардагерлермен кездесулер, ерлік сабақтары өтуде. 100 жылдық мерейтойын атап өткен Қали Аманбаев, Камали Дүйсембеков, Григорий Степенко және Мария Шин-

кевич сынды батырларымызбен мақтанамыз. Олардың тағдыры – тірі тарих, борышқа адалдық пен Отанға деген сүйіспеншіліктің символы. Сіздердің өмір және еңбек жолдарыңыз – жастарға тамаша үлгі. Барлығыңызға мықты денсаулық, ұзақ өмір және отбасыларыңызға амандық пен жақсылық тілеймін! – деді Ермағанбет Қабыдулаұлы.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, соғыс ардагерлері мен тыл еңбеккерлерінің ерлігіне, қаһармандығы мен жанқиярлық еңбегіне терең құрмет пен тағзым ретінде Қазақстан Республикасының Президенті «Ұлы Отан соғысындағы

Жеңіске 80 жыл» атты мерейтойлық медальді тағайындаған еді.

Осындай медальді Ұлы Отан соғысының ардагерлері Сұңғат Сәттіғұлов пен Григорий Степенкоға облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Николай Куриленко мен Анна Котоваға облыстық мәслихаттың төрағасы Нұркен Кобжанов табыс етті.

Сонымен қатар, еңбек ардагері, Ленинград блокадасынан аман қалғандар және концлагерь тұтқындарына мерекелік медаль табысталды.

– Ардақты ардагерлер! Жеңістің 80 жылдық мерейтойы құтты болсын! Қазір-



гі бейбіт күніміз сол сұрапыл соғыстағы Сіздердің жанқиярлық ерліктеріңіздің арқасы. Ерліктеріңіз бен еңбек жолдарыңыз жастарға, өскелең ұрпаққа үлгі-өнеге болып қала бермек. Сіздерге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін, – деп атап өтті Нұркен Кобжанов.

Ал, Виктор Абраменков соғыс басталғанда 6 жаста болғанын айтады.

– Зеңбіректердің үні өшкеніне 80 жыл болса да, ұшқан снаряд дыбысынан әлі күнге шошып оянамын. Соғыс басталғанда алты жаста едім. Соғыс кезінде партизандар белсенділік танытқан Смоленск облысында тұрдым. Сұмдыққа толы төрт жылда фашистердің ауылдарды күлге айналдырғанын, ауылдық кеңес төрағасын дарға асып өлтіргенін көзіммен көрдім. Бомбадан қашқан қарапайым тұрғындар мен 6 жастағы бала әлі күнге түсіме кіреді. Бір жерге тығылып, аман қалғым келеді. Жеңісті жариялағанда, анамның жылағаны есімде. Отбасымызда майданға кеткендердің көбі қайтыс болды. Енді соғыс болмасын. Барлығың татулық пен достықта өмір сүріңдер, – дейді еңбек ардагері Виктор Семенович.

Концлагерь тұтқынында болған, қайсар ерік-жігер мен батыллықтың символы – Пелагея Парахневич те мерекемен құттықтап, өз естелігімен бөлісті.

Бүгінде Қарағанды облысында сегіз соғыс ардагері, 2634 тыл еңбеккері, 116 қайтыс болған ардагерлердің жесірі мен жары, 29 концлагерь тұтқыны және Ленинград қоршауынан аман қалған он адам бар.

Ал, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяков ардагерлерге жылы лебізін білдіріп, олардың әлі күнге қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде атсалысатынын мақтанышпен жеткізді.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• 7 МАМЫР – ОТАН ҚОРҒАУШЫ КҮНІ

Ел қалқаны қаһарлы

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазір көп нәрсе өзгерді. Яғни, ішкі қауіпсіздікті сақтау, қорғаныс қабілетін күшейту, Қазақстанның және бүкіл Орталық Азия аймағының халықаралық деңгейдегі беделін арттыру мәселелері басты назарда болуы керек» деді.

Әскер – қауіпсіздіктің қалқаны, тұрақтылықтың тірегі. Ішкі қауіпсіздікті сөз еткенде Отан алдындағы борышын өтеп жүрген жауынгерлердің өмірін ойлайсыз. Әрине әркімге әскери өмір қызық. Дегенмен, сарбаздардың күнделікті тірлігі, тамағы мен тәртібі, қала берді жауынгерлік ептілігі мен әскери ортадағы абыройы маньды. Бейбіт күннің қарусыз майданында елге қызмет етіп жүрген ерлердің еңбегі елгені абзал. Осы орайда №33, №34 түзету мекемелерінде сотталғандарды күзету және қашып кетпеуіне жол бермеу мақсатында жасақталған «Ұлттық ұланның» №4-ші батальонымен танысқан едік.

➤ 3-бет



• QAISAR

Сарбаздар шыңдалған сайыс

Отан қорғаушы күні мен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай Қарағанды облысындағы Спасск оқу-жаттығу орталығында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты ұйымдастырған «Qaisar» әскери-патриоттық ойындары өтті. Ерлік пен отансүйгіштікті дәріптеген бұл ауқымды іс-шараға еліміздің түпкір-түпкірінен келген 300-ден астам жас, олардың қатарында «Жас сарбаз» ұйымының тәрбиеленушілері, «Әлияшылар» қозғалысының мүшелері, әскери дайындық пәнінің оқытушылары, сондай-ақ, еліміздің барлық өңірінен келген 100 жоғары сынып оқушысы қатысты. Әскери-патриоттық ойындардың ашылу салтанатына Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов, облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев, Парламент депутаттары, Қорғаныс министрлігі мен «Астана» өңірлік қолбасшылығының басшылығы, қарулы күштер ардагерлері, қоғам өкілдері және өзге де азаматтар қатысты.



Салтанат ІЛНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Өз сөзінде Ерлан Қошанов 2022 жылы «AMANAT» партиясының кезектен тыс XXII Съезінде «Жастар Рухы» жастар қанатының «Qaisar» әскери-патриоттық ойындарын тұрақты түрде өткізу жөніндегі бастамасын алғашқылардың бірі болып көтергенін еске салды. Бұл маңызды ұсыныс Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауына ие болғанын атап өтті. Содан бері «Qaisar» жобасы жыл сайын жүйелі түрде өткізіліп келеді. Уақыт өте келе, бұл бастама қарапайым әскери-спорттық сайыстан өсіп, жас ұрпаққа патриотизм, жауапкершілік, тәртіп пен ерлік ұғымдарын сіңіретін маңызды тәрбие алаңына айналды. Осы уақыт аралығында жобаға еліміздің түпкір-түпкірінен 5 мыңға жуық ұл мен қыз қатысқан.

– Президент айтқандай, біз ұрпағымызға дамыған әрі мықты мемлекет қалдыруымыз керек. Ол үшін жастарды дұрыс тәрбиелеу қажет. Бұл істе әскер ерекше рөл атқарады. Бүгінде Қазақстанның Қарулы Күштері тек әскери дайындықпен шектелмейді. Кез келген төтенше жағдай мен табиғи апат орын алса, әскеріміз бірінші болып көмек қолын созады. Бұл – Отан алдындағы парыз бен халық алдындағы жауапкершіліктің шынайы көрінісі. Сіздердің бойларыңызда да осындай қайсар рух пен отаншылдықтың бар екеніне кәміл сенемін! – деді ол.

Партия төрағасы Ерлан Қошанов былығы «Qaisar» әскери-патриоттық ойындарының мәні ерекше екенін атап өтті. Аталған шараның Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында өтуі – терең тарихи және тәрбиелік маңызға ие. Оның айтуынша, бұл – тек

патриоттық ойын емес, сонымен қатар, өткенге тағзым, бүгінгі бейбіт күннің бағасын ұғыну және болашақ ұрпақты Отанға деген сүйіспеншілікке баулу ісінің көрінісі.

– Сұрапыл соғыс жылдары Қазақстаннан 1,7 миллионнан астам азамат майданға аттанды. Бұл – сол кездегі республика халқының әр төртінші тұрғыны. Олардың жартысына жуығы туған жерге оралған жоқ. Жанқиярлықпен шайқасқан боздақтардың ерлігі мен қайсарлығы – ұлт жады мен ел тарихының мәңгілік үлгісі, – деді Ерлан Жақанұлы.

Жалпы, «Qaisar» ойындары жас патриоттарды тәрбиелеу ісінің маңызды бөлігіне айналды. Мұнда ел жастары қару-жаракты дұрыс қолдана білуді үйреніп, күш-қуаты мен төзімін шыңдап қана қоймай, командалық рух қалыптастыруға және әрқес ел мүддесін қорғауға дайын болуға дағдыланады. Осындай қасиеттер әр адамға кет-тік, тіпті, кез келген салада қажет. Олар адам мінезін шыңдап, алға қойған мақсатқа жетуге және жауапкершілікті сезінуге үйретеді.

Ерлан Қошанов мемлекет саясатына сәйкес, әскери қыз-



Осы мерейтой аясында елордада бұрын-соңды болмаған ауқымды әскери шеру өтеді деп жоспарлануда. Бұл шарада Қазақстан армиясының қазіргі қуаты мен кәсібилігі, ұрпақтар арасындағы сабақтастық пен әскери рухтың үзілмеген желісі айқын көрініс табатын болады. Бұл – бейбіт күннің бағасын түсінетін әрбір азамат үшін үлкен тарихи сәт болмақ.

метшілерді қолдау және әскери қызметтің беделін арттыру мәселесіне ерекше мән берілетінін атап өтті. Бүгінде Қазақстан армиясы жауынгерлік дайындықтың жоғары деңгейін көрсетіп, оның әлеуеті жылдан жылға артып келеді. Мемлекет тарапынан әскери қызметшілерге әлеуметтік қолдау көрсету шаралары үнемі күшейтілуде. Соның бірі – әскерде

азаматтық борышты өтегеннен кейін тегін жоғары білім алу мүмкіндігі. Қазірдің өзінде 4500-ден астам жас азамат осы мүмкіндікті пайдаланып үлгерді.

Әскери-патриоттық тәрбиені жүйелі дамыту – партияның басты басымдықтарының бірі. Осы орайда «AMANAT» партиясының бастамасымен арнайы заң жобасы әзірленген. Бұл құжат жас ұрпаққа әскери-патриоттық тәрбие берудің бірінші әрі тиімді жүйесін қалыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, бұл бағыттағы жұмыстарға барлық деңгейдегі мемлекеттік органдарды жұмылдырып, кешенді тәсіл енгізу жоспарланған.

Болашақта әскери-патриоттық үйірмелер мен клубтардың түлектері үшін бірқатар жеңілдіктер қарастырылып отыр. Атап айтқанда, олар әскери жоғары оқу орындарына түсу кезінде және келісімшарт бойынша әскери қызметке орналасу барысында басымдыққа ие болады. Сондай-ақ, әскер қатарына шақырылған жастарға да қолдау көрсетілетін – олардың жұмыс орны сақталып, кейбір жағдайда оқу ақысы мемлекет тарапынан өтелуі мүмкін.

Сондай-ақ, заң жобасына бастауыш әскери дайындық пәні мұғалімдерінің киім кию тәртібі туралы норма да енгізілді. Бұл бастаманы кезінде «Мұғалім Talks» платформасы аясында петропавлдық бастауыш әскери дайындық пәнінің мұғалімі Дархан Қоспанов көтерген болатын. «AMANAT» партиясының депутаттары бұл ұсынысты қолдады.

Ойындар екі күнге жалғасты. Жастар оқ ату, әскери эстафета, автоматты шашып-жинау, зияткерлік сайыстар мен так-

Жүйелі дайындық, сенімді нәтиже

2024-2025 жылдардағы жылыту маусымының қорытындылары және 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық мәселелері облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен кезекті аппарат кеңесінде жан-жақты сараланды. Жиын барысында өңірдің әлеуметтік маңызы бар нысандары мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласының аталған кезеңдегі жұмыс нәтижелері қарастырылып, алдағы маусымға сапалы әрі уақытылы дайындықтың маңыздылығы ерекше атап өтілді. Облыс әкімі жауапты басқармалар мен қала-аудан әкімдіктеріне нақты тапсырмалар беріп, жылыту маусымына дайындық жұмыстарының сапасын бақылауды күшейтуді тапсырды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жиында алғашқы болып сөз алған облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Тілектес Досаев 2024-2025 жылдардағы жылыту маусымы өңірдің барлық елді мекендерінде тұрақты әрі жоспарға сәйкес өткенін баяндады.

– Жалпы, 2024-2025 жылыту маусымына дайындық бойынша жөндеу науқаны аясында инженерлік инфрақұрылымды жөндеуге барлық қаржыландыру көздерінен 91,6 млрд теңге бөлінді. Күзгі-қысқы кезеңге дайындық науқаны кезінде облыстың 7 стансасында 45 қазандық пен 27 тұрбинаны жөндеу жоспарланған. Жөндеу науқанының қорытындысы бойынша 36 қазандық пен 24 тұрбинаға жөндеу жұмыстары жүргізілді. Мәселе тұрақты бақылауда, – деп тұжырым ойын спикер.

Жылыту маусымына дайындық жұмыстары шеңберінде облыс көлеміндегі барлық энергия өндіруші және таратушы кәсіпорындарда ауқымды жөндеу компаниясы жүзеге асырылды. Оның аясында жалпы ұзындығы 2,3 мың шақырым электр тарату желісі жаңғыртылып, 668 бірлік қосалқы станса жабдығына кешенді жөндеу жүргізілді. Мұның бәрі алдағы күзгі-қысқы кезеңде электрмен жабдықтау жүйесінің сенімді әрі үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Ал, 2025-2026 жылдардағы жылыту маусымына дайындық аясында жөндеу жұмыстарына алдын ала 78,3 млрд теңге көлемінде қаржы салу жоспарлануда. Аталған қаражат өңірдің жылу-энергетикалық инфрақұрылымын жаңғырту және техникалық жай-күйін жақсартуға бағытталмақ. Жөндеу науқаны аясында 7 ірі энергия көзінің, 604 жергілікті жылу көзінің, 1,5 мың шақырымнан астам инженерлік желілердің негізгі және қосалқы жабдықта-



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛАСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

рын дайындау көзделіп отыр. Сонымен қатар, әлеуметтік маңызы бар 1 117 нысан мен 6 079 көпқабатты тұрғын үйдің жылыту маусымына уақытылы және сапалы әзірлігі қамтамасыз етіледі.

Алдағы жылдардағы жылыту маусымының тұрақты және іркілссіз өтуін қамтамасыз ету мақсатында қалалар мен аудан әкімдіктеріне тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және әлеуметтік сала нысандарын сапалы дайындау міндеті жүктеліп отыр. Бұл ретте дайындық іс-шараларының жоспарларын мерзімінде және толық көлемде орындау – басты бақылауда. Қазіргі таңда инженерлік желілер мен жылу көздерін жөндеуге қатысты конкурстық рәсімдер жүргізіліп, нақты жөндеу жұмыстары мамыр айынан басталады деп жоспарлануда. Арнаулы штабтар өңірлік деңгейде белсенді жұмыс жүргізіп жатыр. Қазіргі уақытта ірі энергия көздерінде жөндеу жұмыстары кезек-кезеңімен іске асуда. Жакын арада облыстық жұмыс тобының көшпелі отырыстары басталып, дайындық барысын мониторингтеу мақсатында өңірлерге іссапарлар ұйымдастыру көзделуде.

Өз кезегінде сөз алған қала және аудан әкімдері жылыту маусымына дайындық жұмыстары белгіленген жоспарға сай, жүйелі түрде және кедергісіз жүргізіліп жатқанын баяндады. Олар нысандардың уақытылы дайын болуын қамтамасыз етуге бағытталған шаралардың жергілікті деңгейде бақылауда екенін атап өтті.

Сөз соңында аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев аталған мәселені жеке бақылауына алатынын ерекше атап өтіп, бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес барлық шаралардың жоғары деңгейде және іркілссіз жүзеге асуын қадағалайтынын қаперге салды. Ол облыс халқының игілігі үшін барлық қажетті жұмыстардың сапалы әрі уақытында орындалуының маңыздылығын түсіндіре отырып, аталған міндеттердің үнемі бақылауда болатынын және нәтижеге бағытталған жүйелі жұмыс жүргізілетінін нақтылады.

Әрине, бұл ауқымды әрі күрделі жұмыстар бір күнде аяқтала салатын шаруа емес. Дегенмен, әрбір атқарылған қадам – өңірдің тұрақтылығына, тұрғындардың әл-ауқатына бағытталған жүйелі стратегиялық іс-әрекет. Себебі, қолға алынған әр жоба, қабылданған әр жоспар – жай ғана техникалық шешім емес, азаматтардың күнделікті өмір сапасын арттыруға, олардың қауіпсіздігін, жайлылығын қамтамасыз етуге тікелей әсер ететін маңызды бастама. Бұл – уақыт пен ресурсты талап ететін, алайда, болашағы берік, нәтижесі ұзақ мерзімді қамтитын мақсатты жұмыс.

Ақсақал өнегесі – ұрпаққа шырақ

Ақсақалдың батасын алу, маңызды істе жөн, ақыл сұрау – қазақ халқының асыл қасиеті. Бұл күнде де сол қасиетімізден алшақтаған жоқпыз. Өңірде елдік маңызы бар істе арқа сүйер ақсақалдарымыз бар. Олардың басы облыстық Ардагерлер ұйымында тоқайласқан. Арқа ардагерлері Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында «Достық үйінде» пленум өткізді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пленумда Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Бұрабайда өткен IV Ұлттық Құрылтайда сөйлеген сөзі кеңінен талқыланып, ұлттық мұратқа жету жолындағы маңыздылығы айтылды. Сонымен қатар, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында ұйымдастырылатын «Ұлы Жеңіс: Ерлікке – тағзым, ұрпаққа – үлгі» атты акциясы аясында атқарылатын шаралардың жоспары талқыланды.

Пленумды облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов тізгіндеді. Алғымсөзін облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей айтты. Ол елдік істе ақ-

сақалдардың атқарар маңызды рөлін айшықтады.

– Қадірлі ардагерлер, бүгінде алдымызда күрделі һәм биік міндеттер тұр. Қазақстанды кез келген сын-категерге төтеп бере алатын қуатты мемлекетке айналдыру үшін бірқатар саяси реформалар жүзеге асырылуда. Бұл бастамалар мемлекетіміздің, соның ішінде өңірлердің дамып, өркендеуіне жол ашады. Бүгінгі жиында сол бастамаларды іске асырудың нақты шешімдерін айқындайды деп сенемін. Біздің ортақ міндетіміз – ұрпақ сабақтастығын жалғастыру, жастарды еңбекке баулу, қоғамдағы бірлік пен келісімді нығайту. Облыстық ардагерлер кеңесінің аймақ жастарын

тәрбиелеуде атқарар рөлі орасан. Кеңеске жастық қайратын елдік іске арнаған, ұлттық мұрат жолында аянбай еңбек еткен ардагерлерден жиналған. Ел болашағына ие жастарға айтарларыңыз, үйретерлеріңіз көп, – деді Әлібек Әлденей.

«AMANAT» партиясы облыстық филиалының төрағасы, Ұлттық Құрылтайдың мүшесі Бекзат Алтынбеков осы күнде елдің көзкейінде жүрген біршама мәселені қозғап, ақсақалдар талқысына салды.

– Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты Айдоус Сарым Бұрабайдағы Ұлттық Құрылтайда ұлттық идеологияның жаңа тұжырымдамасын құруды ұсынған еді. Қасым-Жомарт Тоқаев өз кезегінде арнайы жұмыс тобын құрып, бұл мәселеге тереңірек үнілуге тапсырма берген.

Бүгінде алаяқтардың көбейіп бара жатқаны ағаны да, апаны да алаңдатып отыр. Бұл дертті жоюға шыңдап кіріспек керек. Наукас

балаларды желеу етіп, әлеуметтік желі арқылы халықтан ақша жинау дендеп барады. Бұрабайда өткен Ұлттық Құрылтайда қауырымдылық қорларын бақылауға алу туралы ұсыныс жасалды.

Қазақта «Қарты бар ауылдың қазынасы түгел» деген жақсы сөз бар. Сіздер өткен күндердің куәгерісіздер. Жасы мен жаманды айырып, дұрыс нәздар жасай аласыздар. Ақылдарыңыз бүгінгі қоғамның жастарына дәрумендей қажет, – деді Бекзат Алтынбеков.

Жиында аудан, қалалардан арнайы келген қадірлі ақсақалдар сөз алып, көкейіндегі сөзін ортаға салды. Олар Бұрабайдағы Ұлттық Құрылтайда айтылған ұсыныстарға өз пікірлерін білдірді. Әсіресе, Президент көтерген мәселелер ұлт болашағы мен тұтастығы үшін маңызды екенін айшықтады.

– Ардагерлер кеңесінің ең негізгі мақсаты – ұлттың жарқын болашағы үшін атқарылар маңызды жұмыстарға атсалысу, жастарды

өз елінің патриоты етіп тәрбиелеуге күш салу. Әсіресе, жас буын ана тілін қадірлеуі тиіс. Осыны да назардан тыс қалдырмаймыз. Ана тілін қастерлеу – асыл міндетіміз. 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен, 9 мамыр – Ұлы Жеңістің 80 жылдығымен Арқа жұртын шын жүректен құттықтаймын! – деді облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ғабит Тұяқов.

Пленумда Абай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Сәкітай Сыздықовқа «Қарағанды облысының Құрметті ардагері» деген атағы берілді.

– Қазақ қашанда ұрпақтың тәрбиесіне баса мән берген. Арды, ұятты ойлауға, ешкімнің ала жібінен аттамауға тәрбиеледі. Шуы көп, ақпарат тасқындаған заманда ұл мен қызды тәрбиелеу күрделі екенін мойындауымыз керек. Осы тұста ата мен әже институты көмекке келуі тиіс. Қарияда мей-



ірім бар. Ал, мейірім көріп өскен бала айналасына қамқор, кеудесі ізгілікке толған қайратты азамат болып өседі. Еліне қызмет етем деген азамат зейнетке шықса да қоғамға өз пайдасын тигізудің түрлі амалын табады. Ардагерлер кеңесіндегі әріптестерімен сондай азаматтардың қатарынан, – деді Сәкітай Сыздықов.

Бекзат Алтынбеков алдағы уақытта той-думандардағы әдепсіздікті тыю мақсатында жиын ұйымдастырылатынын, оған облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей қолдау көрсететінін айтты. Естеріңізге қала кетейік, Бекзат Алтынбеков бұл мәселені Бұрабайдағы IV Ұлттық Құрылтайда көтерген еді. Бұл ұсынысты ардагерлер бір ауыздан құптады. Олар, той – салт-дәстүрлерді жаңғыртушы құрал болып тұрғанын алға тартады.



• ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Биыл Қазақстанда мерзімді әскери қызметін өтеуге 42 мыңнан астам азамат шақырылды. Жасы 18-27 аралығындағы ер азаматтарды шақыру 30 маусымға дейін жалғасады.



Әскерге шақырудың көктемгі науқанына 20 мыңнан астам азамат іріктеліп алынады. Науқанда Қарулы күштер қатарын 10 мыңнан астам сарбаз, Ұлттық ұлан сапын 7 мыңнан астам сарбаз толықтырады.



Былтыр әскери борышын өтеуді кейінге қалдыру бойынша мемлекеттік қызметті 300 мыңға жуық адам пайдаланған. Әскери есепке жаңадан 160 мың адам алынған. Ал жалпы әскерден босату немесе қызмет өтеуді кейінге қалдыруға себеп болатын негіздер бойынша 360 мың азамат босатылған.



Әскери борышын өтеген соң оқуға түскендер саны наурызда 1 029 адамды құрады. Олар мерзімді әскери қызметте жүргенде жақсы жағынан танылған азаматтар. Мемлекет оларға грант арқылы білім алуға мүмкіндік жасаған. Одан бөлек, 17 мың жас сарбаз «кредиттік каникул» алған.

Дайындаған
Аяулым СОВЕТ

• ТӘУЕЛСІЗДІК ТІРЕГІ

Ел қалқаны қаһарлы

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

(Соны. Басы 1-бетте).

– 4-ші атқыштар батальонына Павлодар облысынан келдім. 5 ай уақыт өтті. Жауынгерлер үшін тұтқындардың қашуына жол бермеу – басты міндет. Қоғамдық тәртіпке ерекше мән береміз, – дейді қарауылда тұрған қатардағы Ерлан Алдиярұлы.

Аталған түзету мекемесіндегі сарбаздар ауысыммен, мұнаралар арқылы мекемелерді бақылау қызметін атқарады. Бір тәулікке түсіп, 1-2 сағат сайын ауысып тұрады. Сотталғандардың қашуы орын алған жағдайда сақшылар қарауыл бастағына баянат жасайды. Сотталған тоқтамаған жағдайда ескерту ретінде жоғарыға оқ атады.

– Бүгінде батальонда 120-ға жуық сарбаз бар. 250-ге жуық офицер келісімшарт бойынша қызмет етеді. Сарбаздардың күн тәртібі таңғы сағат 6.00-ден басталады. Жеке құрам тұрғызылған соң, таңғы жаттығуға кіріседі. Мемлекеттік-құқықтық дайындық және жауынгерлік сабақтары өткеннен кейін сарбаздар қызметке түседі. Бос уақытта гитара, домбырада өлең айтып, шахмат, нарды ойнайды, – дейді батальон командирінің тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөнінде-



Саптық жиындағы есеп беру

гі орынбасары Айдос Жакыпов.

Командир орынбасарының айтуынша, сарбаздар әскердегі жауынгерлік өмірге өзгеше көзқараста. Олардың басым бөлігінің Отанға, елге, жерге құрметі артып, мамандық тандауда ойлары өзгерген. Статистикаға сүйенсек, әрбір 13-ші әскери қызметші келісімшарт бойынша қызметке қалуды таңдайды. Осылайша 2023 жылы 41 сарбаздың

5-еуі батальонда қызмет атқаруға қалған.

– 4-ші атқыштар батальоны 1956 жылы құрылған. №33, №34 мекемелерде сотталғандарды күзету және қашып кетпеуіне жол бермеу мақсатында жасақталған батальон 10 бөлімшеден тұрады. 4-ші атқыштар және 3 бақылаушылар взводы, сонымен қатар, қамтамасыз ету бөлімшесі және кинология взво-



«Анаға апарар жол» әнін орындауда

• АЙБЫН

Тәртіп пен тәрбие тоғысқан

Білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі – әскери-патриоттық бағыт. Осы ұраммен Нұркен Әбдіров атындағы мектепте оқушыларды тәрбиелеу мен оқытудың тәсіліне негізделген бағдарлама әзірленген. Бағдарлама Отанымыздың патриот азаматын тәрбиелеуді көздейді.

2013 жылдан бастап, Н.Әбдіров атындағы жалпы білім

жоғары оқу орындарының II және III курс студенттері. Қазір мектебімізде барлығы 18 кадет сыныбы бар. Жалпы мектеп бойынша оқушылардың сандық көрсеткіштері артты.

Эксперимент енгізілген сәттен бастап мектеп контингенті (10 жыл ішінде) орта есеппен 560 адамға ұлғайды. Іс жүзіндегі эксперимент бағдарламасы өзінің оң нәтижесін беруде. Балалардың кадет сыныбында оқуға деген қызығушылығы оларды тәртіпке, ұстамдылыққа үйретеді, рәміз-

дау жиындары. Сарбаздар салтанатты түрде Отанға, мектепке адал болуға ант береді. Генералдар мен офицерлердің қолынан атаулы куәлік алады. Кейін оқудағы жеке жетістіктері мен белсенді өмірлік ұстанымдары үшін жас сарбаздарға олардың алғашқы әскери атақтары беріледі. Ата-аналар да жақсы қолдау көрсетеді. Осының нәтижесінде мектеп тәрбиеленушілері облыс көлеміндегі «Үздік кадет сыныбы»



беретін мектептің 5 сыныптарында «Толық күнді мектеп-кешені» моделін құру тақырыбында тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы негізінде сыныптар ашылды. Сол кезден мектепте қазақ және орыс тілдерінде оқытатын екі сынып пайда болды. Онда ұлдар үшін кадет білім беру бағдарламасы және қыздар үшін білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бүгінде алғашқы кадеттер

дерге, туған өлкенің тарихына, салт-дәстүрлерге құрметпен қарауға тәрбиелейді. Педагогтар жүргізген зерттеулер оқушылардың білім сапасының, физикалық көрсеткіштерінің, әлеуметтік белсенділіктерінің артқанын көрсетті. Эксперимент енгізілген жылмен салыстырғанда білім сапасының 30%-ға өскені байқалды.

Жас сарбаздар үшін маңызды оқиға – салтанатты қабыл-

байқауында «Орталық» Өңірлік қолбасшылығының қолбасшысы кубогінің 6 дүркін иегері атанды. «Жас Сарбаз» сынып оқушылары арасында «Менің отбасым» байқауында 1 орын иеленді.

Ерлан РАХИМЖАНОВ,
Н.Әбдіров атындағы мектептің «Жас сарбаз» әскери-патриоттық сыныбының жетекшісі

• МІНДЕТ. ЕРЛІК. АБЫРОЙ

Кинология: қырағы көз, сенімді серік

Кез келген адам кинолог бола алмайды. Жауынгердің жауапкершілікке толы қызметіндегі кинология – қызығы мен қиындығы қатар жүретін сала. Бұл қызметте төрт аяқты ақылды көмекшіңді мейірімге бөлей отырып, толық сенім артуың қажет. Бір сөзбен айтсақ, ит – адамның ақылды досы әрі қызметтегі жолдасына айналады.

Аяулым СОВЕТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлттық ұланда» қырағы көз кәсіпқой қызметкер мен қателікті жібермейтін қызметтік иттер көп. Иіс сезу қабілеті жоғары – белгиялық және неміс овчаркалары, лабрадор-ретривер, спаниель тұқымдас иттердің түр-түрін кезіктіруге болады. Әскери бөлімдер қоғамдық тәртіппен бірге стратегиялық нысандар мен қылмыстық-атқару мекемелерін күзететіндіктен, жауапкершілігі жоғары қызметте нісшіл төртаяқты жануарлардың салмағы басым. Олардың әрдайым бабында болуы ел қауіпсіздігі үшін де маңызды. 6505 әскери бөлімінің аға нұсқаушы сержанттары Павел Бердогин мен Ержан Әзімбаевтың айтуынша, бүгінде 4-ші атқыштар батальонында елге қызмет етіп жүрген 26 ит бар.

Кинология күнделікті жаттығулар күндіз және түнгі болып екіге бөлінеді. Себебі, қарауылға алынған сотталғандар екі жағдайда да қашуы мүмкін. Бұл сәтте қызметтік иттердің міндеті – 5 шақырымға дейінгі аралықта сотталғандары ұстау. Иттер ісі арқылы тұтқынның соңына түседі.

– Кинология қызметінде жүргеніме 15 жыл болды. 2005 жылы 6505 әскери бөліміне шақырылған соң 2 жыл әскери қызметімді өтеп, келісімшарт бойынша қалдым. Күн тәртібінде алдымен қызметтік иттердің тазалығына баса назар аударамыз. Тұратын жерлері және үстінің тазалығы маңызды. Денсаулық жағдайы бойынша ветеринарлық көмек керек пе, жоқ па соған



Жауынгерлердің түскі асы

дында барлығы 329 қызметкер бар. Келісімшарт бойынша барлық әскери қызметшілер бізде бар-жоғы 8 ай жұмыс істейді. Сарбаздар 1 жылға келеді. Басында 40 күннен аса оқу пунктінде дайындалады. Күнделікті жауынгерлік дайындық бойынша сабақтар өткізіледі. Тек әскери өмірмен шектемеуге тырысамыз, – дейді 4-ші атқыштар батальонының командирі Нұржігіт Мактабай.

Демалыс күндері сарбаздар бұқаралық-спорттық іс-шараларға қатысады. Вздодтар Қарағандының орталық саябақтарына, кинотеатр-

дардың қауіпсіздігі басты жолға қойылған. Офицерлер күніне 3 рет сарбаздардың денесін тексереді. Барлық жерде камералар орнатылған, олардағы жазбалар 60 күн сақталады. Взводта азықтүлік мәселесі жоқ.

Сарбаздар күн тәртібінде әдеттегідей таңғы бұйрықпен ояна сала, сапқа тұрады. Қарауыл қызметіндегі жауынгерлер Отан алдындағы борышын өтеп, әскери өмірдің барлық талабын орындайды. Жауынгердің жамбасы тек кешкі сағат 22.00-де төсекке тиеді. Тәртіп солай.

дайындау қиынға соғады, – дейді аға нұсқаушы сержант Ержан Әзімбаев.

Кәсіпқой кинолог ит – «Белланын» қожайыны, аға нұсқаушы сержант Павел Бердогин төрт



Кинолог Павел Бердогин және «Белла»

мән беріледі. Әр итте белгіленген бағыты бойынша 2 сағаттық дайындық өтеді. Олар таңғы, кешке, түнгі жаттығуларға үйренген. Түнде сондай-ақ, ізге түсу сабақтарын өткіземіз.

Бұрын иттерді Қаракемер кентінен алғызатын. Қазіргі таңда арнайы әскери бағытта үйретілген асылтұқымды иттер Заречныйда беріледі.

Өрине, аты ит болғанымен, олардың да адамға ұқсас мінез-құлықтары бар. Бір итті дайындау уақыты – сегіз ай. Ол кинолог маманның қабілетіне де тікелей байланысты. Өйткені әр маманның біліктілік деңгейі әртүрлі. Бұл жерде тәжірибе маңызды. Жұмысқа жаңадан тұрған мамандарға қызметтік иттерді дайындауға ұзақ уақыт кетеді. Күшік кезінен дайындалса, оны қызметке бағыттау оңай. Үш жаспан баптаса

аяқты сақшыға ерекше қарайды. «Белла» былтыр Беларусьта өткен бүкіләлемдік жарыста III орын иеленген. Бізде кинологтың төрт аяқты серігінің аумақта жасырынған жауынгерді дәлме-дәл уақытында тапқанына таң-тамаша болдық.

– «Белланың» ііс сезуде өзіне тән әдістері бар. Тәртіп бұзушыны ұстау, күзетуде ерекше қабілетке ие. Қарауылдағы қызметіне аса жауапты. Жиі еркелетемін. Итті жақсы және жаман деп немесе сұлулығына қарап бөлуге болмайды. Қызметке икемділерін тандаған соң, сол иттің қызметке белсенді болуы кинологқа байланысты. Қалай жұмыс істесен, іздестіру иттері де дәл солай жұмыс істейтін болады. Жалпы, кинология саласында жан-тәніңмен қызмет ету – маңызды. Мұнда физикалық күшпен емес, жүрекпен жұмыс істеу керек, – дейді Павел Бердогин.

Суреттерді түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағандының жеңіске қосқан үлесі

Ұлы Отан соғысы туралы айтқанда, ел жадында тек майдандағы шайқастар ғана емес, бүкіл халықтың жанкешті еңбегі мен қажырлы күресі жаңғыруы тиіс. Жеңіс – тек қарумен емес, сеніммен, төзіммен, күн-түн демей атқарылған еңбекпен келген. Мәскеуден Берлинге дейінгі 1815 шақырымды қамтыған 1418 күн ішінде опат болған 20 миллион адамның әрбірінің Жеңіске қосқан үлесі – баға жетпес. Бүгінгі ұрпақ Жеңіс күнін тек әскери жеңіс ретінде ғана емес, халықтың ортақ ерлігі ретінде де бағалауы керек. Сол қиын кезеңде тылда еңбек еткен бала да, ана да, ақсақал да Жеңісті жақындатуға күш салды.

Қарағанды жұртының сол жылдардағы еңбегі – ерен үлгі. Қорғаныс қорына жиналған 52 миллион сом қаражаттың нәтижесінде «Шахтеры Қарағанды», «Комсомолец Қарағанды», «Железнодорожник Қарағанды» танкі колонналары, «Комсомолец Казахстана» сүңгуір қайығы, «Женщины Қарағанды» әуезвеносы мен «Нұркен Әбдіров» ұшағы жасалды. Бұл – қарапайым еңбек адамдарынан құралған өңір халқының рухын, отансүйгіштік сезімін айғақтайтын тарихи факт. Мұндай жанкештілік пен бірлікке толы кезеңдер сирек кездеседі. Сол ұлы буын отансүйгіштіктің биік өлшемін көрсетіп кетті. Алайда, осы күнге дейін Қарағанды еңбеккерлерінің тылдағы ерліктері толыққанды зерттеліп, ғылыми тұрғыда зерделенді ме? Бұл – ашық күйінде тұрған өзекті мәселе.

Біз неі ұмыт қалдырық? Тарихты ұмытпау – болашаққа аманат. Сол аманатқа адал болу – бүгінгі ұрпақтың басты парызы.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Халық күші – болат қорғаны

Ресей Федерациясы Қорғаныс министрлігінің Бас автобронетанкі басқармасы ұсынған деректерге сүйенсек, Ұлы Отан соғысы жылдары Кеңес Одағы азаматтары өз еркімен Қорғаныс қорына шамамен 6 миллиард сом қаражат жинаған. Бұл қаржыға 30 522 танк құрастырылып, майдан шебіне жөнелтілген. Демек, соғыс даласында қолданылған әр үшінші танк халық қаражатына жасалған деген сөз.

Сол кезеңде бір ғана «Т-34» танкінің құны 1941 жылы – 269,5 мың, ал 1942 жылы – 193 мың сом болған. Мұндай ауқымды қаржыны толықтай мемлекет өзі көтере алмады, сондықтан, техникаға қажет қаражаттың бір бөлігін халық өз мойнына алды.

Қарағандылықтардың бұл іске қосқан үлесі – елдік пен бірліктің жарқын үлгісі. «Қарағанды шахтерлері» танк колоннасы дәл осы өңірдегі шахтерлердің қаражатына жасакталды. Бұл бастама 1942 жылдың 23 қарашасында №12, 18, 20 және Калинин атындағы шахталардың кеңішілері мен Киров ауданының әйелдерінен бастау алған. Тек бес сағат ішінде 28 тонна көмір өндіріліп, алғашқы қаржы жинала бастайды. Колонна қорына арнайы есепшотты Калинин шахтасының бастығы Р. Ибраевтың отбасы ашады. 1943 жылдың көктеміне дейін «Қарағанды шахтерлері» қорына 2 миллион сом тапсырылған.

Осы үлгіні жалғастырып жастар 1944 жылы «Қарағанды комсомолы» танк колоннасын жасақтау бастамасын көтереді. №44-45 және №33-34 шахталарындағы жас кеңшілер жұмыстан тыс уақытта 96 мың тонна көмір өндіріп, қорға 600 мың сом аударады.

Ал «Қарағанды теміржолшысы» танк колоннасына өңірдің теміржолшылары 40 миллион сомнан астам қаражат жинап береді. Бұл мәліметтер «Танковый фронт – 1939-1945» деректер ба-



Әуеэскадрильясы

засында да нақты көрсетілген. Жиналған танкілер майдан даласына өз атауларымен жөнелтіліп, жауға қарсы шайқастарға қатысқан. Өкінішке қарай, дәл сол техникалардың майдандағы нақты ерліктері мен жекелеген жетістіктері туралы толық дерек бүгінгі күнге дейін толыққанды анықтала қойған жоқ.

Алайда, бұл – Қарағанды еңбеккерлерінің соғыс жылдарындағы жанкешті еңбегінің, отаншыл рухының жарқын айғағы. Мұндай тарихи шындық ұрпақ жадында жаңғырып тұруы тиіс.

Қарағандыдан – сүңгуір қайыққа дейін

Ұлы Отан соғысы жылдары Қарағанды халқы жауынгерлерге көмек көрсету мақсатында жан-жақты қолдау көрсеткені белгілі. Солардың бірі – сүңгуір қайық жасауға жиналған 230 мың сом көлеміндегі қаржы. Бұл бастама алғашында Оңтүстік Қазақстан жастарының қолдауымен көтеріліп, кейін қарағандылықтар кеңінен қолдаған. Нәтижесінде сүңгуір қайық «Қазақстан комсо-

молы» деген атауға ие болады.

Тарихи деректерге сүйенсек, бұл қайықтың бір бөлігі бүгінде Кронштадт қаласында ескерткіш ретінде орнатылған. Экспозицияда тұрған сүңгуір «С-156» атауымен белгілі. Дегенмен, оның дәл сол Қарағанды қаржысына жасалған қайық екеніне қатысты түрлі пікірлер айтылып жүр. Соған қарамастан, «Комсомолец Казахстана» деген жазудың сақталғаны – бұл тарихи байланысты жоққа шығаруға болмайтын мәзір деліледі.

Бұл – Қарағанды жұртының тылдағы ерен еңбегі мен отансүйгіштігінің тағы бір дәлелі.

Қарағандылықтардың әуе эскадрильясы

Ұлы Отан соғысы жылдары майдандағы әскери техниканы «атаулы» ету тәжірибесі кеңінен тарады. Мұндай бөлімшелер мен техника халықтың ерікті қаржысы арқылы жасақталып, оларды қаржыландырып өңірдің немесе ұжымның атымен аталатын. Алайда, Ресейдің ашық архивтеріндегі деректерде талай «именные»



Танк колоннасы

авиаэскадрилья көрсетілгенімен, Қарағандының атымен аталатын эскадрилья тіркелмеген. Бұл – ғылыми зерттеуді қажет ететін маңызды тақырып.

Соғыс жылдарында Қарағанды еңбекшілері ұшақтар мен әскери ұжымдарды қолдауға белсене қатысқан. Солардың бірі – «Нұркен Әбдіров» атындағы истребительдер әуе эскадрильясы. Бұл эскадрилья Қарағанды қаласындағы жұмысшылардың және Осоавиахим ұйымы мүшелерінің баста-

масымен жасақталды. Қаржылық көмекті алғаш болып марқұм ұшқыштың ата-анасы – Әбдір мен Бағжан Әбдіровтер және інісі Сәрсен Әбдіров көрсеткен. Ізінше шахта кеңшілері де бір күндік жалқыларын осы игі іске аударды.

1944 жылдың қыркүйегінде Қарағанды Осоавиахим ұйымының атынан Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті төрағасына телеграмма жолданып, эскадрилья құрылысына 444 492 сом ақшалай қаражат, 85 000 сом көлемінде мемлекеттік облигациялар тапсырылғаны хабарланған.

Аталған әуе эскадрилья соғыстың шешуші кезеңінде әуе шайқастарының күшейген уақытында майданға қатысқан. Қазіргі таңда бұл бөлімнің нақты ұрыс жолы мен жетістіктері жөнінде архивтік деректер толық зерттелмей отыр.

Кенші әйелдердің санитарлық ұшақтары

Ұлы Отан соғысы жылдары тек майдан шебінде ғана емес, тылда да жанкешті еңбек өрбіді. Солардың бірі – Қарағандының кенші әйелдері. Олар жаралы жауынгерлерге көмек көрсету мақсатында ай сайын бір күндік жалақыларын Қорғаныс қорына аударып, жалпы көлемі 185 мың сом жинаған. Бұл қаражатқа үш санитарлық ұшақ – «С-2» маркалы әуе көлігі сатып алынады.

Бұл санитарлық ұшақтар ауыр жаралы жауынгерлерді ұрыс даласынан тікелей госпитальге жеткізуге арналған. Алайда, сол кезеңде «С-2» және «С-4» мо-

Тағылым

Бұл айтылғандар – жай ғана естелік емес, құжаттармен, архив деректерімен расталған тарихи шындық. Егер аздық етсе, Ресейдің ашық ресурстық базаларынан да кездестіруге болады. Бір өкініштісі – бұл деректердің басым бөлігі орыс тілінде жазылған. Көпшілік зерттеулерді өзге ұлт өкілдері жүргізген. Қазақ тіліндегі кешенді ғылыми еңбектер мардымсыз. Болған күнде де көпшілікке қолжетімсіз немесе назардан тыс қалуда.

Тіпті, Ресей ресурстарының өзінде майдандағы қазақтар мен Қазақстанның тылдағы үлесі атап өтілген. Ал, біз өзімізде осы тарихты тиянақтап, жүйелі түрде зерделеп, халыққа кеңінен таныта алмадық. Әлде бұл тақырыпты зерттеуге, насихаттауға жеткілікті көңіл бөлінбеді ме?

Нәтижесінде, ұрпаққа үлгі болар істер ескерусіз, көлеңкеде қалып барады. Тылдағы жанкешті еңбек, халықтың рухының көрінісі болған үлкен істер той-думаннан тасасында қалғанды.

Бүгінгі ұрпақтың міндеті – сол ерлікке лайық тарихи ақиқатты жаңғыртып, оның насихатын кеңінен жолға қою. Бұл – елдік парыз. Тыл мен майдандағы халықтың ерен еңбегіне тағзым тек гүл қоюмен емес, оны тану мен танытумен, жазу мен жариялаумен өлшенбек.



дельдері ғана қолжетімді болғандықтан, олардың мүмкіндігі шектеулі еді – әр ұшақта небары екі адамға ғана орын болған.

Қарағандылық әйелдердің жинаған қаржысына алынған бұл ұшақтардың нақты майдан жолы жөнінде бүгінгі күнге дейін нақты дерек сақталмаған. Дегенмен, олардың адам өмірін құтқару жолында қызмет еткені сөзсіз.

Айта кетерлігі, 1943 жылы ұшақ құрастырушы Шербаковтың бастамасымен жаралы тасымалына арналған тоғыз орындық «Ще-2» санитарлық ұшағы жасалғанымен, Қарағанды көмегімен алынған алғашқы «С-2» үлгілері ел тарихында алғашқы санитарлық әуе қолдауы ретінде қалды.

Майдан даласынан тыс ерлік

Ұлы Отан соғысы жылдары тек майдандағы ерлік емес, тылдағы жанашырлық пен қайырымдылық та жеңісті жақындатты. Қарағанды өңірінің әйелдері соғыс салдарынан жетім қалған балаларға жан-жақты қолдау көрсетті.

Қарағандының патриот әйелдерінің атынан Чистяково қаласындағы балалар үйінің құрылысына 1 307 000 сом, ал, Минск қаласындағы балалар үйіне 395 000 сом қаржы аударылған. Бұған қоса, Втевск қаласындағы балалар үйі қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілді.

Осакаров ауданының әйелдері де бұл игі іске белсенді атсалысты: елдегі балалар үйлеріне азықтүлік, киім-кешек, 68 496 сом көлемінде қаржы, сондай-ақ, ата-анасы соғыста қаза тапқан балаларға пионер лагерлеріне тегін жолдамалар жіберген.


Жалпы алғанда, соғыс жылдары қарағандылықтар майданға 94 вагон азықтүлік, 37 мың қысқы тоң, 24 мың пима, 10 мың құлақшын жөнелткен.

Бұл – Қарағанды халқының майдангерлерге ғана емес, тылда қалған балалар мен бейбіт тұрғындарға да қамқорлықпен қарағанының дәлелі. Ел басына күн туған шақта көрсетілген мұндай жанашырлық – нағыз отансүйгіштік пен азаматтық парыздың көрінісі.

Бүктемедегі үлбіреген үміт

Үшбұрыштан бүктелген майдан хаттарын парақтағанда көзге жас үйірілмей, көмейге өксік тығылмай оқу мүмкін емес. Бұл хаттар – тылда қалған ардақты ата-анаға, сағындырған жарға, әлі тілі шықпаған сәбиге, туған жерге деген шексіз сағыныштан туған шынайы сыр. Әлі күнге дейін көптеген отбасылар бұл хаттарды көзінің қарашығындай сақтап отыр.

Иә, конверт тапшы болған. «Сол себепті бүктеп жіберген шығар» деуге де болар. Алайда, майдан хаттарының үшбұрыш болып бүктелуінің өзіндік мағынасы бар. Соғыс жылдары жіберілген 10 миллиард хаттың әрқайсысы – сенімге, үмітке, махаббатқа толы болған. Үшбұрыштың әр ұшы – осы үш ұлы ұғымның белгісіндей. Соғыс естелігін ұмытпау – ұрпақтың парызы. Ал оны мәңгілік сақтау – бейбіт болашақтың кепілі. Біз бүгін майдан даласынан жеткен бірқатар хаттармен бөлесуді жөн санадық. Ұмытпас үшін ғана емес – соғыс енді қайталанбасын деген үмітпен.



«Здравствуй, Оля!»

С боевым приветом к тебе боевой друг Виктор Ляшко. Получил Ваше письмо, на которое спецу друг ответ. Вы просите чтобы подробно сообщить о смерти Вашего брата – Виктора Яковлевича Ляшко. 1 сентября 1944 года в не ровном бою Виктора ранили тяжело. Это было как раз в ожидаемый день. Когда его принесли, он истек кровью и сделался бледным.


Отправляя его в мед.сан.бат я ему крепко пожал руку и пожелал скорейшего выздоровления, но вечером сообщили что Виктор умер. Да, печально стало в сердцах его боевых друзей, с которым он кушал, шутил, пел...

...Оля, сообщая Вам эти подробности от полевой почты 28216 Сорокин Николай Николаевич.

Как получите мое письмо, слайте мне ответ».

Николай Сорокин жайлы дерек жоқтың қасы. Оның қайтыс болған жауынгер досы – Виктор Ляшконың туыстарына жазған осы хаты ғана облыстық мемлекеттік архив қорында сақтаулы.

Хатты В.Ляшконың туыстары тапсырған.



«Амандық қат!»

Ардақты, артық көруші әкемізге, шешемізге, іні, ана, аға, қарындастарға мен, балаң Садықтан көп-көп сәлем. Ардақты әке! Біз Оралға соқпай Чкалоптан шығып Мордовский ССР-ға Розаевка қаласына келдік. Сол қалада жазып отырмын, картадан қарап көресің, оралып келеміз, барған жерде тағы жазармын.

Аманмын, денім сау, кетіп барамыз. Ауылда қалған қарындастарым, ағайларым, апайларым қалған болса, көп-көп сәлем бәріңе!

Аман-есен кетіп бара жатқанымды ескертерсің. Ардақты Шәріпжан, мені жоқтатпа. Әзірге көріп, көріскеніңе күн жақсы болсын. Қош, қош, ақ қағаз арқылы қолдарыңды алдым.

Балаң Садық».
16-8-42 адрес жок.

Садық Шарафиевтің әке-шешесіне жазған 44 хаты Ж.Бектұров атындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған облыстық кітапхана қорында сақтаулы.

Дайындаған Салтанат ІЛІЯШ

Сертте тұрған Сембековтер

Майдан даласына Өспен елдімекенінің өрімдей жастары да шақыртылған еді. Солардың ішіндегі ағайынды Сембековтердің көрсеткен көзсіз ерлігі, жанкияр қарекеті архив құжаттарында қаттаулы, ұрпақтарының жан жүре-гінде сақтаулы. Осылайша, отты жылдар Сембек ақсақалға да қос қанатын қыркып өткендей, оңайға тимеді. Ұлдары Әбіл мен Орал әскер қатарына қоса шақырылып, шаңырағында жалғыз қарындасы қалады.

Қасымхан БҰРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әбіл Сембеков 1917 жылы Шет ауданы, Өспен ауылында өмірге келген. 1939 жылы Жаңаарқа аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен әскерге алынып, майдан басталған жылдан бері соғыс даласында болған. 224-ші Гатчин дивизиясының 111 артиллериялық полкінде Ленинград майданында болған. Соғыстағы ерліктері үшін 1943 жылы «Ленинградты қорғағаны үшін», 1944 жылы «Ерлігі үшін» медалімен, Жоғарғы Кеңестің шешімімен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысында Германияны жеңгені үшін» медалімен марапатталған. Әбіл Сембековке «Ерлігі үшін» медалі алты сағат бойы өзен ішінде қалған гаубицалы тракторды жөндеп, ұрыс даласында қайта іске қосқаны үшін берілген.

«Әкем Әбілдің соғыста көрсеткен ерлігі біз үшін зор мақтан. Өзенге батқан гаубицалы тракторды белінен су кешіп жүріп, жөндеп, алып шығып, қайта іске қосқаны, Берлинге барып, қаланы неміс басқыншыларынан азат еткені, соғыс біткеннен кейін Қыыр Шығыстағы Жапон елінің соғысына қатысқаны, бәрі-бәрі бүгінде аңызға айналды. Кейін соғыстан қираған үйлерді қалпына келтіруге де үлесін қосты. 1946 жылы Өспенге қайта оралды. Сол кезде дене жарақаты бар еді. Аман-есен еліне келген соң мыс зауытында жұмыс істеді. Көзкөргендердің айтуынша, әкеміз ша-



Орал Сембеков

руаның ыңғайын біліпті. Қолөнер шебері болған деседі. Соғыстан бауыры Оралдың бір аяғы сал болып оралады. Жаны ашығаны сонша, түнде інісі ұйықтап жатқанда протезін алып кетіп, жөндеп қояды екен. Әкем қайтқанда мен үш жаста екенмін», – дейді ұлы Жұмабай Сембеков.

Ал, Орал Сембеков 1923 жылғы. Орал да Жаңаарқа аудандық әскери комиссариатының шақыртуымен майданға он сегіз жасында алынған. Соғыста 145 атқыштар дивизиясының, 599 атқыштар полкі әскери бөлімінде болған. 1943 жылдың мамыр айында ұрыс даласында



Әбіл Сембеков

ауыр жарақат алып, 3672 эвакуациялық емханада емделіп, ұрыс даласынан үйіне қайтарған. Майдан даласындағы ерлігі үшін 1985 жылы «I дәрежелі Отан соғысы» орденімен марапатталған.

«Әкем Орал фронтта барлаушы болады. Ұрыс басталмай тұрып, түнімен даланы кезіп, жарылғыш заттардан тазалайды. Сөйтіп жүргенде, 1942 жылы мина жарылады. Сол кезде жартысы көз жұмып, әкем сол аяғынан жарақат алады. Мейірбикелер ең таяу Смоленск қаласына жеткізіп, сол жерде бақайшақ жағынан аяғы жарамайды деп кесіп тастайды. Ота сәтсіз жасалып, аяғы үш мәрте, ақыр соңында жуан санынан кесілген. Сөйтіп, соғысқа жарамай 1942 жылы елге қайтарылады. 20 жасында соғыстан аяқсыз қайтады. «Ерлігі үшін» орденін алды», – дейді батырдың ұлы Темірхан Сембеков.

Ол уақытта Сембек ақсақал мыс зауытында от жағып, қарапайым еңбек еткен көрінеді. Қос батырдың анасы

өмірден ерте өтеді. Жалғыз қарындасы Күлсақ та шешек ауруынан көз жұмады. Осындай ауыртпашылық әкелері Сембектің жанына қатты батады. Оның үстіне қос тірегі де майдан даласында. Сөйтіп жүргенде, ауыр жарақатпен Орал ұлы елге оралып, әкесіне қарайласады.

Ағайынды майдангер соғыс даласында бір-бірімен мүлдем байланысы болмапты. Бір-бірінің халін, қайда жүргенін үйге жөнелткен хаты арқылы хабар алмасып отырыпты. Оны әкесіне қарындасы Күлсақ оқып беріп, жауап жазатын көрінеді.

«Соғыстан кейін әкем елге келіп, анамызбен отау құрады. Алла беріп, тоғыз баланың әкесі атанады. Әкем 78 жасында дүниеден озды. Әкем елге келісімен еңбекке араласады. Нілді зауытының асханасына Ақтоғай, Қарқаралыдан тапсырыспен мал айдап әкеледі. Оны сойып, арбамен асханаға өткізеді. Әкем бір аяғының жоқтығына қарамай, осының бәрін өзі басқарды. Үйдегі тоғыз баланы өсіріп, өндіреді. Одан кейін ағасы Әбіл өмірден ерте озып, алты баласын менің әкем бауырына басты. Құдай берген он бес баланы оқытып, үй қылды. «Қандай мықтылық, ерік-жігер?!», деп таң қаламын», – дейді Темірхан Оралұлы.

Майдангер Оралдың төсқалтасында үнемі қаламы мен қағазы жүріпті. Өлең жазыпты. Өсіресе, майдан даласындағы қасіретті қара сөзбен дестелепті. Өз қолымен жазған майдан хаттары, өлең-жырлары ұлдарында әлі сақтаулы екен.

«Біз болдық Калининнің қаласында, Қалың жау, қалың орман арасында. Барлаудан таңға жақын оралғанда, Тап болдым немістердің миңасына. Оң аяқ жуан саннан кесіліпті, Іштегі өкініштің дерті күшті. Өкініш емес ақсақ боп қалғаным,

Ел қорғаудан қалғаным өкінішті!...», деген өлең жолдары қалған. Және ақсақ деп қалжыңдағандарға «тұрсам ақсақпын, отырсам кісі-ақпын», деген жауабы дайын жүретін көрінеді.

Өспен елдімекенінің өзінен бес жүзге жуық адам соғысқа қатысыпты. Жергілікті өлкетанушы Файзолла Шәкімұлынан кейін осы істі қос батырдың немересі Әділет Сембеков жалғастырып келеді.

«2017 жылы Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне мемориалды тақта қойдық. Сол кезде зерттеу жұмысын қарағанда бес жүз адам қатысқаны анық болды. Сонымен қатар, Өспеннен Мұса Аханов деген ардагер де Гатчин дивизиясында бірге болыпты. Орал әкемізге сөз өнері Сембек ағамыздан дарыған. Ол кісі көкпаршы екен. Жасы егде тартып қалса да, «Қақторы келді қасыңа, қамшы тиер басыңа, Әкел тойдың көкпарын!», деп әндегіп жүріп, жастармен бірге көкпар тартқан. Бәйге ат ұстаған. Өлкетанушы Файзулла ағамыздың бәйге туралы өлеңінде «Бәйгеден үзбей келуші еді, Сембектің қауын қақтай қақ торысы», деген жерлер бар. Сәкен Сейфуллиннің шопыры, өспендік Серік Үдешов те майдан даласында болған. Мұнымен қоса, Өспенде Қарағанды облысының Кеңес Одағының батырлар тізімінде жоқ, ардагерлер бар. Мысалға, Николай Агеев – Ресейдің Горьковский облысы деген жердің тумасы. Өспенге 1933 жылы келіп, оқып жүрген кезде, 1939 жылы соғысқа шақыртылып, батыр атанған. Былай келген кезде қағаз жүзінде Өспеннен шыққан деп айтылады», – дейді батырдың немересі, өлкетанушы Әділет Сембеков.

Суреттер ұрпағының мұрағат қорынан

Бір уыс топырақ

Қарағандыда отансүйгіштік рух пен ұрпақтар сабақтастығын ұлықтаған ерекше рәсім өтті. Қазақстандық жауынгерлер жерленген шетелдегі бауырластар зираттарынан әкелінген топырақ пен батырлар жайлы деректер отбасыларына ресми түрде табысталды. «AMANAT» партиясының Ақ залында өткен салтанатты жиында ұмытылмас тағдырлар мен ұрпақ жады тоғысты.

Салтанат ЛІНИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Бүгін – ерекше күн. Бүгін – жүректерді елжірететін, тарихты тағы бір мәрте еске түсіріп, рухымызды асқақтататын күн. 80 жыл бұрын Жеңіс туы желбіреп, бейбіт өмір есігін ашты. Сол Жеңісті жақындатқан батырларымыздың ерлігі – біз үшін мәңгілік өнеге. Бүгінгі рәсім – тек құрмет қана емес, сонымен қатар, ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың айқын көрінісі. Әкенің, атаның, аға дамыл тапқан жерден бір уыс топырақты елге әкеліп, рухына тағзым ету – бұл біздің қасиетті борышымыз, – деді облыстық жастар саясаты басқармасының басшысы Айсұлу Ерниязова.

Оның айтуынша, бұл топырақ – өткен мен бүгіннің арасындағы тарихи сабақтастықты бейнелейтін қасиетті нышан. Жауынгерлердің туған еліне деген махаббаты мен жанкиярлығы – Тәуелсіз Қазақстанның рухани негіздерінің бірі.

– Біз Екінші Дүниежүзілік соғыс жылдарында жоғалғандарды алты жыл бойы іздегісіп келеміз. Игі іспен айналысамыз. Осы жылдар ішінде бізге он мыңнан астам өтініш келіп түсті. Төрт мың сұрау бойынша сарбаздардың жерленген орындары анықталды. Бүгін Қарағандыға өңірден майданға шақырылған екі жауынгер – Әкімжан Айдовос пен Кәрім Әбдіғалымовтың жерленген жерінен топырақ жеткізілді. Сондай-ақ, тағы екі жауынгердің туыстарына жерлеу орындары көрсетілген хаттарды табыс етеміз, – деді «Atamnyn Amanaty» ҚБ іздеу тобының үйлестірушісі Марфуза Сүлейменова.

«Atamnyn Amanaty» қоғамдық бірлестігі 2019 жылдан бері 10 мыңнан астам азаматтың жоғалған туыстарын табуға көмектесу туралы өтінішін қабылдаған. Сол уақыттан бері 4000-нан астам қазақстандық жауынгердің жерленген жері анықталып, кейбірінің



сүйектері елге қайтарылған. Былтыр, мысалы, 21 жауынгердің үшеуінің сүйегі елге жеткізіліп, әскери құрметпен жер қойнына тапсырылды.

– Біздің мақсат – жауынгер тағдырын анықтап, есімдерін мәңгілік есте қалдыру. Біз Қазақстандағы ұрпақтарын табу үшін архивтік ізденістер жүргіземіз, майдан далаларында қазба жұмыстарына қатысамыз, халықаралық серіктестермен бірге жұмыс істейміз. Бұл – ортақ міндет, – деді бірлестіктің өкілі Сауле Мусина.

Салтанатты рәсімге мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ардагерлер мен жауынгерлердің ұрпақтары қатысты. Жерленген жерден алынған топырақ пен естелік материалдар Ғабдыжан Мұқатов, Кәрім Абдуғалимов, Назамбай Аймұлдинов пен Акимжан Айдовостың отбасыларына табыс етілді.

– Менің төрт бірдей атам – Бақтыгерей, Дәулеткерей, Ғабдыжан және Ғалымжан Мұқатовтар соғысқа аттанып, хабарсыз кеткен. Отбасымыз



оларды іздеумен көп жыл өткізді. Бір ай бұрын «Atamnyn amanaty»-на өтініш білдіріп едім, бір апта ішінде Ғабдыжан Мұқатовтың жерленген орнын анықтап берді. Бұл – тек ақпарат емес, үміттің қайта оралуы. Ұрпақтары атынан шексіз алғысымды білдіремін, – деді әскери бөлім штаб бастығы, подполковник Алмас Ғаділ.

Күлшікен Кәрімова әкесінің қабірінен алынған топырақ салынған қапты алып, көз жасын тыя алмады. Ол майданға кеткенде Күлшікен апа бір айдан енді асқан еді. Іздеу жүйелерінің арқасында қаз тапқан жауынгердің Сербияда, Заечар ауданында жерленгені анықталды.

«Atamnyn amanaty» еріктілері жыл сайын түрлі форумдар мен халықаралық конференцияларға қатысып, өз тәжірибесімен бөлісіп келеді. Бірақ, олар үшін ең үлкен марапат – жауынгерлердің ұрпақтарының алғысы.

Суреттер ұйымдастырушылардан

Австриядағы әке ізі

Ұлы Отан соғысы – адамзат тарихындағы қасіретті кезеңнің бірі. Осы кезеңде миллиондаған боздақтар жаумен шайқасты. Әрқайсысы батырлық, ерлік және туған жерге адалдықтың бейнесі болып тарихта қалды. Олардың арасында атам Ташан Токушев та бар. Ол 1945 жылдың 12 сәуірінде Австрияның астанасы Вена қаласын жаудан азат ету үшін болған шайқаста ерлікпен қаза тапты. Ұрпақтарының ізденісі мен табандылығының арқасында рухы туған жерімен қайта қауышты.

Ташан Токушев 1906 жылы Қарағанды облысы, Ақтөбе ауылында дүниеге келген. Арғын Мұрат руының Бекайдар атасынан тарайды. Ташан ағамыз 1941 жылы Ұлы Отан соғысына шақырылып, 331-атқыштар дивизиясы құрамында жаумен шайқасты. Оның әскери атағы – гвардияның кіші сержанты. 1945 жылдың 15 сәуірінде Австрияның Грейлинг қаласы маңындағы қиян-кескі ұрыста қаза тауып, сол жерде жерленді. Ұлдары, артында қалған жұбайы Қазиза әжеміз оны соңғы сапарға шығарып сала алмады, себебі, оның орналасқан жері ұзақ уақыт бойы белгісіз болып келді.

Ұрпақтары Ташан Токушевті іздегеніне біраз жылдар өтті. Әсіресе, оның тұңғыш немересі – ағам Мәжит Ташанов атасының жатқан жерін анықтау үшін 20 жыл бойы ізденді. Мәжиттің

бандылығының арқасында көптен күткен шындық ашылды.

Биыл ағам Мұхит пен оның қызы Мадина Австрияға барып, Ақтөбе ауылынан бір уыс топырақ алып Ташан Токушевтің бейітіне салды. Бұл рәсімді – боздақтың туған жеріне қайтып оралған белгісі ретінде қабылдадық. Марқұмның қабірінен алынған топырақ туған жерге әкелініп, дұға оқылды. Осы игі істің жоғары деңгейде өткізілуіне Қазақстан Республикасының Австриядағы елшісі Мұхтар Тілеуберді мұрындық болды. Сұм соғыста опат болған боздақтарға арнап Санкт-Пёльтен қаласында мемориалды тақтаның ашылу салтанатын ұйымдастырып, Херцогенбург қаласындағы қабір басына барып, зиярат етіп, гүл шоқтарын қоюға арнайы көлігін пайдалануға ықпал еткен үлесі-



ізденісін қызы Әсем Ташанова жалғастырды. Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылым департаментінің Ғылыми басылымдар және ғылыми-метрикалық ресурстар басқармасының бас маманы болған Әсем ғылыми ізденістерге бет бұрып, 2018 жылы «Память народа» сайтынан атасының есімі мен әскери мәліметтерін тапты. Бұл сайтта әскери архивтерде тіркелген құжаттар бойынша Ташан Токушевтің Австрияның Грейлинг қаласында жерленгені анықталды. Сонымен қатар, 1945 жылы «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталғаны белгілі болды. Осылайша, Әсемнің та-

не әулетіміздің атынан ерекше алғыс айтамыз.

Ташан Токушевтің артында қалған үш ұлы – Қани, Сәкен және Сәбиттің ұрпақтары өсіп, шөбере, немене сүйіп отыр. Ташан Токушевтің тағдыры – бір әулеттің ғана емес, бүкіл халықтың ұмытылмас тарихы. Оның батырлығы – бүгінгі ұрпақ үшін айрықша тағылым. Боздақтың өзіне бұйырмаған бейбіт өмір бүгін оның ұрпақтары арқылы туған жерімен қайта қауышты. Батырлардың есімдері ұмытылмайды, олар әрқашан жүрегімізде өмір сүреді.

Жанара ТАШАНОВА,
майдангердің немересі

• ТУРНИР

«Шахтердің» «аңыздары» — Жаңаарқада

Жаңаарқа ауданында Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі аясында жыл сайын футболдан аудандық турнир өткізеді. Сол турнирдің ашылу салтанатында аудандық клубтың ардагерлері өнер көрсетіп, маусымды бастап беретін. Ал, биылғы маусым басы ерекше оқиғамен астасып, тарихи сәтке ұласты. Биыл жетпістің желкенін кergen мемлекеттік қызмет ардагері, іскер ұйымдастырушы, білікті басшы Дәулет Сәрсенбаевтың бастамасымен әйгілі «Шахтер» футбол клубының ардагерлері Жаңаарқа еліне табан тіреді. Олар аудандық футбол командасының ардагерлерімен жасыл алаңда доп теуіп, жолдастық кездесу өткізді.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мерейтой иесі әуелі аудандық мешіт-тің ауласына өз қаражаты есебінен 150 түп қарағай отырғызды. Бұл игі шараны «Таза Қазақстан» республикалық акциясы және «Ауылым — алтын бесігім» бағдарламасы аясында іске асырған. Әрі іс-шараға аудан әкімі Қанат Қожықасов пен аудандық мәслихат төрағасы Юржан Бекқожин де үлес қосты. Сонымен қатар, тәуелсіз Қазақстанның кеден саласында ұзақ жыл басшылық қызмет атқарып, Қарағанды қаласының, Қарағанды облысының әкімі болып, ел игілігіне еңселі еңбек сіңірген Бауыржан Әбдішев, одан бөлек, мерейтой иесінің туған-туысы да осы жерден табылды. Кейін аталған акция мерекелік концертке ұласып, соңы футбол жұлдыздарының ойынына жалғасты.

— Бірлік күні — халқымыздың ынтымағы мен татулығын, ел ішіндегі бірлік пен бейбітшілікті айшықтайтын ең басты мейрамның бірі. Біз ынтымақ пен бірліктің арқасында ел дамуына үлес қосып келеміз. Осы мерекемен тұспа-тұс келген шараның да мәні зор. Бұл тек спорттық шара емес, ұрпақ сабақтастығының, достықты қадір-қасиетін ұлықтау күні. Ал, футбол тек бәсекелестік емес, бір мақсатқа жұмылған еңбектің, өзара сенімнің үлгісі. Ал, ардагерлердің алаңда бас қосып, жолдастық кездесу өткізуі — осының жарқын көрінісі, — деді Қанат Шубайұлы.

Салтанатты жиында Дәулет Мамайтұлы да сөз алып, ауылдағы ағайынға алғысын білдірді. Әрі футбол алауын жағып, командаларға сәттілік тіледі.

— Жаңаарқа — спорты дамыған аудан. Күрес, футболдың дамуы сонау 50, 60 жылдардан басталған. Жаңаарқада шыққан әйгілі балуандар, боксшылар мен футболшылар көп. Бірақ, жаңаарқалық жігіттер футболды жақсы көретін. Ауданның құрамасы талай турнирлерде топ жарды. Өзім де сол құрамда тер төктім. Қазір де ауданның құрамасының ардагерлері үнемі жиналып, футбол ойындайды екен. Осы бір айтулы күнде аудан тұрғындары, жастары үшін осындай кездесу ұйымдастырып отырмыз. Бізді қолдаған аудан әкімдігіне алғысымды



айтамын. Сөзімізді жерге тастамай, елге келген «Шахтер» клубының ардагерлеріне де мың алғыс, — деді Дәулет Мамайтұлы.

Осы ойынға «Шахтер» клубының ардагері Серік Ысқаков та келген. Ол аталған клубқа 1965 жылы қабылданыпты. Сол кезде небәрі 16 жастағы бозбала екен. Содан 1976 жылға дейін доп теуіп, кейін алматылық «Қайрат» клубының сапына ауысады. «Шахтер» жейдесінде жүрген шағында 204 ойын өткізіп, 37 гол салған. Қазір жасыл алаңда «Жасы үлкен ойыншы» ретінде өнер көрсетіп жүр.

— Осындай керемет күні бәріміздің басымызды қосып, себепкер болған — досымыз Дәулет. Өзі жас кезінде футболды керемет ойыған. Оны бәрі біледі. Кейінірек, қызметке ауысты. Сонда да футболдан қол үзбеді. Жалпы, талантты ойыншылардың бәрі — ауылдан шығады. Сондай жандарды іріктеп, «Шахтер» клубының жастар командасына немесе футбол академиясына алып келсе, нұр үстіне нұр, — деді Серік Ысқаков.

Қос жұлдызды команда 35 минуттан екі тайм өткізді. Әуелі алаң иелері гол салып, есепте алға шықты.

Гол авторы — команда капитаны Асылхан Әбдібеков. Айып алаңынан ортаға әуелете көтерген допты қақпаға бағыттап, мүмкіндікті мүлті жібермеді. Бірақ, араға көп уақыт салмай, кеншілер командасы таразы басын теңестірді. Шабуылшы Николай Пенгрин сол қапталдан шабуыл ұйымдастырып, қарсыласа команда қорғаушысын алдап өтті. Сол сәтті пайдаланып қақпаға соққы жасап, таразы басын теңестірді. Осылайша алғашқы айналымда қос команда тең тарқасты. Есеп — 1:1.

Екінші айналым қыза түсті. Қос тарап шабуылды жиі ұйымдастырды. Бірақ, соққылары қақпаға дарымай жатты. Сондай бір шабуыл барысында алаң иелері сапынан Елшат Аяпбергенов шабуыл кезінде допты қарсыластардан тартып алып, қақпаға соққы жасады. Ал, бұл соққы голға айналып, 2:1 есебімен алға шығады. Бірақ, тәжірибелі кеншілер ойынның аяқталуына соңғы минуттар қалғанда таразы басын теңестіріп, тең тарқасты. Осылайша жұлдызды құрамның жұлдыз ойыншылары көпшілікке керемет әсер қалдырды.

Суреттерді түсірген **автор**



Елі үшін туған ер — Касенхан Алтынбеков



Касенхан Алтынбеков — халқымыздың маңдайына біткен асыл азаматтардың бірі. Ол — жастайынан елге қызмет етуді мұрат тұтқан жан еді. 1941 жылы ол өз еркімен майданға аттанып, қан майданның алғы шебінде ерлікпен шайқасты. Соғыстың ауыр сынақтарынан өтіп, бірнеше рет жараланса да, ел мен жерге деген сүйіспеншілігі оны ешқашан мойытпады.



Жарақатынан айыққан соң, 1945 жылы Жапония бағытына аттанып, тағы да әскери борышын адал атқарды. Бұл оның батырлық рухының, төзімділігі мен ер мінезінің дәлелі еді.

Соғыс аяқталған соң, Касенхан әкеміз бейбіт өмірге оралып, бар құш-жігерін елді дамытуға арнады.

Еңбек жолы 1941 жыл 8 тамызда Талдықорған облысы Ақсу ауданы Авокумовна селосы орта мектебіне мұғалім болып орналасады.

1941 жылы 30 желтоқсанда әскерге шақырылады. 1947 жылы 10 қаңтарда елге оралып, Қарағанды облысы, Қоңырат ауданы, «Ұлы Октябрь» колхозындағы мектепке ментеруші болып орналасады.

1948 жылы 20 тамызда «Таң» колхозы мектебіне ментеруші және мұғалім болып орналасады.

1952 жылы Бірлестік колхозындағы мектепке ментеруші болып тағайындалады.

1958 жылы «Сталин» колхозы С.Сейфуллин атындағы мектепке директор болып тағайындалады.

1984-1985 оқу жылында зейнеткерлікке шығып өмірінің соңына дейін мұғалім болып қызмет етті.

Ұстаздық жолды таңдап, жас ұрпақты саналы азамат етіп тәрбиелеуге үлес қосты. Жас ұрпақ бойына мейір мен тәрбиені сіңіре отырып, өз қызметін үлкен жауапкершілікпен, шын жүректен адал қызмет етті.

Өмірінің соңғы кезеңінде Касенхан Алтынбеков майданда көрген-білгендерін, бейбіт күннің қадірін жүрек тербетер естеліктерге айналыдырып, қағаз бетіне түсірді. Оның жазбаларынан тек соғыс шежіресі ғана емес, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілік пен ұрпақ қамын ойлаған кемел азаматтың жан сыры анық көрінеді.

Өмірінің соңғы кезеңдерінде Касенхан Алтынбеков әкеміз өз басынан көшкен оқиғаларын, қағаз бетіне түсіріп, естеліктер жазды. Жазбаларында соғыстың қиын сәттері мен бейбіт өмірдің қадірін терең сезінген жүректен баяндалған. Ол кісінің жазбалары келер ұрпаққа өшпес еңеге мен тарихи мұра.

Ұлы Отан соғысындағы өмір естелік

«— Мен 1941 жылы Алматыда жасақталған 100-ші атқыштар бригадасы құрамына Москва түбінде Молотов Түй ауданында, Великие Луки сандығы кірдім. Великие Луки қаласындағы соғыс туралы академик С.Байшев бұрынғы 100-ші атқыштар бригадасының комиссары «Лениншіл жас» газеті 5 сәуір 1974 жыл №68 санында «Жастарға, Майдандастарға бұрынғы жауынгердің хаты» деген мақаласында мен туралы былай депті: «... Мұнда кейбір реттерде ұрыс бет-бет, жеке-жеке шайқасуға дейін барды. Сондай өмір берілейтін аймақтың бірінде штаб байланысшысы К.Алтынбеков менің көз алдыма бірнеше немістермен бейнебір арыстандай алысып, бір неміс офицерін ептетінен түсіріп, бүкіл қару-жарағын, планштің, әскери карталарын тартып алып, табыс екені менің әлі есімде» — деген еді. Бағыста 9-мамыры күні Прага қаласында аяқтап, шығыста Жапондарлы талқандап, Порт-Артур қаласында жеңіспен солдаттық өмірді аяқтадым. Майданда жүріп екі рет «Медаль за отвагу» медалімен наградталдым. Менімен бірге Совет Одағының батыры М.Маметова, Елтай Ерназаровтың баласы Мырзабай Ерназарович болды. Бұдан соң кейбір еңбекке кірістім. Енді қарғыс атқан соғыстың болмауын тілеймін».

Касенхан Алтынбеков карталарға жауынгер.

Төбе үстіндегі аяқас

«Біздің бөлімшесіміздің 100-ші ерекше атқыштар бригадасы бөлімі тек қазақтардан Алматыда 1941 жылы құрылған еді. Біздің бөлімшесіміз алдымен Москва түбінде онан соң, Великие Луки түбінде соғысқа кіріп. Великие Луки қаласын біздің әскерлер қоршап алды. Неміс әскерлері қала ішінде қоршауда қалды. Қанша шығуға немесе құтқаруға қанша келіп жан-

таласса да еш нәтиже шықпады. Неміс командаванесі сендерді 1943 жылдың жаңа жылында қайтсек шығарып, Великие Луки қаласын қайта аламыз деп уәде еткен екен. Сол бойынша жанталасып шабуылға шықты. Великие Луки оңтүстігі Ржев қаласына баратын темір жол бойында қатты шайқастар болды. Біздің бөлімшелеріміздің күші азайып сарқыла берді. Жасыратыны жоқ, бізде соғыс құралдары: миномет, зеңбірек, самолет, танк жеткіліксіз болды. Осындай сұрапыл аяқаста біздің бөлімше ашық алаңға шығып қалды. Мен байланыс бөлімінде істеуші едім Үшінші батальонмен байланыс болмай сол батальонның байланысын реттеп келсем штаб орын өзгертіп байланыс ротасы да өзгеріп кетті. Артымыз кең жыра, алдымыз ашық алаң бірнеше күннен бері жөңді тамақ іше алмай қалдық. Кухнямызды бір снаряд аударып тастапты, енді кухнядан қайыр жоқ. Бұл кезде немістерде шабуыл үстіне шабуыл жасап келеді. Біздің ауыр жағдайымызды білсе керек, ес жынғызар емес. Бір жағымыздан бригада комиссары Сактаған Байшев шыға келіп тікелей команданы өз қолына алды. Жан-жақты бақылап болып жауды өткізбеуге болатын жер деп биіктеу төбеге бекініп алуға команда берді. Әскерлер төбесіне барып орналасты бекініп алып жатырмыз немістер бізден қауіптенбей төбенің оң жақ бетін бетке ұстап, еңбектемей келе жатыр, алдарында танкі. Екеу, үшеу, әне бесінішсіз де көрінді. Жауынгерлер абыржып қалды С.Байшев ұшып тұрып (мұрны күйе, миына соқтыққан болу керек, тамақ та ішенгендігі көрініп тұр.) «Холдаслар! Шегінбегдер жаудан бұғып өлгенше тік тұрып қайысып өлген артық» деп жауынгерлерді рухтандырып сол төбенің үстің жаудың үш рет атақасы тойтарылды. Оқтары азайып қалды. Граната мен шитке жол берілді. Қарсы атақаға да көшірілдік. Менің сол жағымда бір кісіден соң, комиссар алда жатыр. Оң жақтағы меркі Алматы облысы, жамбылдық Әлімов бір немісті түіреп, екіншісін винтовкасымен ұрып құлатты. Алматы темекі фабрикасының жұмыскері зор денелі жауынгер және семейлік жауынгер (аттарын ұмыттым) бірнешеуін құлатып үлгерді. Осы кызу сұрапылда сол қолымнан оқ тиді, автомат суып қарға кіріп кетті. Бірақ ишім жазғызады. Бүтіліп отыра кеттім. Осы кезде комиссар: «Жараландың кейін шық» — деді. Бір қолтығымнан сүйіп дорігер Зейнолла Төлегенов тұр. Бұл — 1943 жылы 5 қаңтар күні еді. Мен кеткенше сол төбе жауға берілген жоқ. Пулемет, миномет жан-жағымнан оқ атып бөгесуде еді. Сонда ішіме де оқ тиіпті. Жолдан ұмытпасам 45-полктің ауыр жаралы лейтенанты Сидеренов кездесті. Оны алып жүруге дәрімен жоқ. Сол жерде елді ғой деп ойлап едім. Зейнолла Төлегеновтің көмегімен аман қалдық. Комиссарымыз қазіргі ғылым академиясының президенті сол Байшев екенін кейінде білдім. Ең ақырғы Прагада одан Порт-Артур қаласына барып соғысты жеңіспен аяқтадық. Енді қарғыс атқан соғыстың болмауын тілейміз!»

Касенхан Алтынбеков бұрынғы жауынгер.

Әкесін еске алып жазып отырған ұлы
Абылқайр АЛТЫНБЕКОВ
№208

Соғыс туралы сирек айтатын

Уақыт — тоқтаусыз өз арнасымен ағатын ұлы күш. Биыл — Ұлы Жеңістің 80 жылдығы. Жылдар жылжып, ұрпақтар алмасса да, халқымыздың жанжырлық ерлігі, отансүйгіштігі ешқашан ұмытылмайды. Алғыс пен мақтаныш сезімі ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, жүректерде өмір сүріп келеді. 1941 жылғы 22 маусымда миллиондаған тағдырды қүйреткен сұрапыл соғыс басталды. Бұл алапат жылдар біздің отбасымызды да айыналып өтпеді. 1918 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Приишим ауданы, Бексейіт ауылында дүниеге келген әкеміз Нұрмыш Даиров 1940 жылғы мамырда әскер қатарына шақырылды. Орта Азия әскери округінде қызмет етіп жүрген ол соғыс басталғанын сол жерде естіп, бірден ауыр сынақтың қол ортасына түсті. Артынан, оның әскери бөлімшесі Мәскеуді қорғауға аттанды...


Әкеміз Нұрмыш Даиров Мәскеу түбіндегі Тула бағытын қорғау ұрыстарына қатысты. Ол 830-атқыштар полкінің құрамында шайқасып, кейіннен бұл полк 238-атқыштар дивизиясының құрамына енді.

1942 жылғы сәуірде әкеміз аяғынан ауыр жарақат алып, контузияға ұшырады. Ол №1516 әскери госпитальде емделіп, жамбас буынына сегіз мәрте ота жасалды. Денсаулығына байланысты сол жылдың мамырында әскер қатарынан босатылып, туған ауылына оралды. Ата-анасынан ерте айырылғандықтан, екі інісінің қамқорлығын өз мойнына алды.

Соғыстан кейін ауылда өмір сүру қиын болды. Болашаққа сенім аз еді. Осылайша, әкеміз інілерімен бірге жұмыс іздеп, Қарағандыға көшуді ұйғарды. Алайда, ауыр жарақатының салдарынан шахтада жерасты жұмыстарын атқара алмады. Алдымен шахтаның жер үстінде еңбек етті. 1948 жылы туған ауылына барып, анамыз Маукижан Ишановамен отбасын құрды.

Әкеміздің табандылығы мен адалдығы арқасында жақсы адамдардың көмегімен оны №106 шахтада жерасты жұмысына қабылдады. 1947 жылдан 1974 жылға дейін көмір өнеркәсібінде үздіксіз еңбек етіп, №101 «Сокур» шахтасынан зейнетке шықты.

Әкеміз өмір бойы еңбекқорлық пен адалдықтың үлгісі болды. Анамыз екеуі жеті бала тәрбиелеп өсірді. Көп жылғы еңбегі үшін бірнеше мәрте Құрмет грамоталарымен марапатталып, сондай-ақ, В.Лениннің туғанына 100 жыл толуына орай мерейтойлық медальмен наградталды.



Соғыс туралы әкеміз өте сирек айтатын. Ол майданның қасіретін қайта жаңғыртып, балаларды қорқынышты естеліктермен үрейлендіргісі келмейтін. Әкеміздің ұстанымы — балалық шақ таза әрі жарқын болуы керек деген сенім еді. Біз оның осы шешімін құрметтедік.

Әкеміздің адал еңбегі мен елге деген сүйіспеншілігі біз үшін мәңгілік үлгі болып қалды. Бүгінде оның ұрпақтары әр түрлі салада еңбек етіп, Отанымыздың дамуына өз үлесін қосуда.

Біз Ұлы Жеңістің 80 жылдығы қарсаңында майдангер әкеміздің өшпес ерлігін құрметпен еске аламыз.

Зәуреш ДАЙЫРОВА,
Абат ДАЙЫРОВ

Құттықтау



2025 жылғы 8 мамырда КСРО Журналистер одағының мүшесі, «Орталық Қазақстан» газетінің ардагері Мұстафин Базарбай Сырлыбайұлының зайыбы, біздің анамыз **Рабига ЖАРҚЫЗЫ** 85 жасқа толады.

Қымбатты анамыз, әжеміз, шырайлы шежіреміз! Сізді бүгінгі 85 жасқа толған айтулы мерейлі күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Сіз – біздің асыл қазынамыз, өміріміздің шамшырағы, жүрегіміздің тірегісіз. Осы ұзақ ғұмырыңызда ұрпақ тәрбиелеп, өмірдің талай белесінен өтіп, бізге мейірім мен парасаттың үлгісін көрсеттіңіз. Сіздің әр сөзіңіз – өнеге, әр ісіңіз – тәрбие.

Балаларыңыз, немере-шөберелеріңіз сізге қарап бой түзейді, сіздің ақ батаныз бізге әрдайым күш-қуат береді.

Алла Тағала сізге мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, жан тыныштығын нәсіп етсін! Жүз жасыңызға жетіп, ортамызда аман-сау жүре беріңіз!

Сізді жақсы көретін **балаларыңыз, немере-шөберелеріңіз.**

№190

Құттықтау

Ардақты да аяулы, асыл әкеміз
Мұрат Хасенұлы ҚОЖАМБЕРДИН!



Сізді 63 жасқа толған мерейтойыңызбен және зейнеткерлікке шығуыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Бұл қос қуанышты күн – өміріңіздегі айтулы әрі арайлы кезеңдердің бірі.

63 жас – бұл тек бір белес емес, саналы ғұмырдың, мағыналы еңбектің, сабыр мен парасаттың, береке мен мейірімнің көрінісі. Сіз жылдар бойы адал еңбек етіп, отбасыңызға қорған, туған-туыстарыңызға қамқор, айналаңызға үлгі бола білдіңіз. Сіздің әрбір ісіңіз – өнеге, әрбір сөзіңіз – тағылым.

Сіз – шын мәнінде ер-азаматқа тән биік болмыстың иесісіз. Еңбегіңіз бен өмірлік ұстанымыңыз тәртіп пен тиянақтылыққа, мейірімділік пен әділдікке негізделген. Көпшіліктің ақылшысы, жақындарыңыздың тірегі болып, қиын сәтте демеу, қуанышты кезде ортақтас бола білдіңіз – бұл адамға берілетін ең асыл қасиеттердің бірі.

Сіздің ақыл-кеңестеріңіз, сабыр мен сырбаз мінезіңіз біз үшін әрдайым қымбат. Өміріңіз – жас ұрпаққа үлгі болатын шежіре. Еңбексүйгіштік, адамгершілік пен даналық сіздің болмысыңызбен біте қайнасаң.

Сізге зор денсаулық, қажымас күш-қайрат, шат шадыман ғұмыр мен отбасы амандығын тілейміз! Өміріңіз тек жақсылық пен қуанышқа толы болсын, ал шаңырағыңыздан береке мен бақыт кетпесін!

Ізгі ниетпен – **отбасыңыз, балаларыңыз, немерелеріңіз, жиендеріңіз.**

№209

Жеңіс онай келген жоқ



Отан қорғаушы күні мен Жеңіс мерекесі қарсаңында біз сұрапыл соғыстың қанды жазықтарында ел қорғаған батырларымызды, олардың маңдай терімен келген бейбіт күннің бағасын ұмытпай, тағзым етеміз. Сол ардагерлердің бірі – Ұлы Отан соғысының қатысушысы, елге сіңірген еңбегімен ел-жұртының құрметіне бөленген **Айтмағанбет Төлекеев**.

Айтмағанбет Төлекеев 1912 жылы Павлодар облысында дүниеге келген. XXV партия съезі атындағы колхозда еңбек етіп жүргенде, 1941 жылғы 15 шілдеде Павлодар әскери комиссариатынан соғысқа шақырылып, Украина жеріне жөнелтілген. 115-атқыштар бригадасының құрамында майдан шебіне аттанып, от пен оқтың ортасынан табылды.

Ол соғыс жылдарын еске алғанда: «Әрине, соғыс онайға түскен жоқ. Жау да өліспей беріспейтін. Шыңжыр табан жер бетін жаңғыртатын», – деп отыратын. Майданда жүріп, ерлік пен төзімділіктің, адалдық пен жауынгерлік рухтың нағыз үлгісін көрсетті. 1943 жылы сол аяғынан ауыр жараланып, II топтағы соғыс мүгедегі атанды.

Соғыстан кейін 1948 жылы Қарағанды облысы Ку ауданының Энгельс атындағы колхозына көшіп келіп,

ел еңсесін тіктеу ісіне білек сыбана кірісті. «Жалтас» колхозында қарапайым жұмысшыдан бригадир, қоймашы, ферма меңгерушісі болып, саналы ғұмырын ауыл шаруашылығына арнады. Жұмысқа деген талапшылдығы мен ұқыптылығы көпке үлгі болды. Бірде кірпішті сиыр таптап кеткенде, балаларына қайта құйғызып, «еңбекке жауапкершіліктен қараңдар» дегенін ұмытқан емеспіз, – дейді балалары.

Айтмағанбет ақсақал ел ішінде сыйлы, сөзі салмақты, ісіне берік азамат болған. Жұбайы Жамал Қыпшақбаева үй шаруасымен айналысып, жеті бала тәрбиелеп өсірген. Ол – «Батыр ана» медалімен марапатталған ардақты ана. Ұрпақтары бүгінде абыройлы еңбек етіп жүр.

Раушан ТӨЛЕКЕЕВА,
зейнеткер ұстаз.

Баға жетпес құндылық



Жеңіс күні – барлық адамзат үшін және ұрпақ үшін, ұлы баға жетпес тарихи мереке. Бұл күн – бейбітшілік пен қайырымдылықтың мәңгі жасампаздығын, Отан үшін от кешкен боздақтардың ерен ерліктері мәңгі өшпейтіндігін дәлелдейтін белгі. Жауынгердің қиған жаны мен Жеңісті еңбегімен соққан еңбекшінің төккен тері жадыда жаңғырып тұрады хақ.

Менің әкем Смағұл Байшағыров – Ұлы Отан соғысының ардагері. Әкем марқұм майданға 19 жасында аттаныпты. Бұл туралы мұрағаттық құжаттарда көрсетілген. Онда Шет ауданының әскери комиссариатынан 1939 жылы қазанның он жетісінде шақыртылғаны жазылған. Майдан даласында сол кездегі замандастарымен бірге кеудесін оққа төсеп, жаудан жасқанбай жан пидаға барғандар қатарынан.

Ұрыс даласындағы ерлігі үшін де бірнеше марапаттары да бар. «Қызыл Жұлдыз» және «Қызыл Ту» ордені әкемнің төсінде жарқырайтын. Өзі сұрапыл соғыс даласында 32-ші тауатқыштар бригадасында қызмет еткен.

«Үздік артиллерист» кеуде белгісімен марапатталған. Отан қорғау жолында Жапония, Чехословакия, Польша, Карелия, Балт флотындағы ұрыстарға қатысып, соғыстың Дюссельдорф қаласында аяқтады. Жеңіс мерейтойларына арналған медальдары

да бар. Сонымен қатар, Жоғары қолбасшы И.Сталиннің «Мақтау қағазы» айбыны мен ерлігі үшін табысталыпты.

Соғыстан оралғаннан кейін ел басқару ісіне араласты. Бұрма совхозының 1957 жылдары алғашқы парторгы және кадр бөлімін басқарғаны тарих болып жазылды.

Сол елі үшін еткен еңбегін елеген жұрты Шет аудандық аудандық мәслихатының шешімі бойынша 2001 жылы Бұрма ауылының бір көшесіне «Смағұл Байшағыров» есімін берген болатын. Бұрма ауылында мемориалдық тақтасына ардагер ретінде есімі жазылды. Ал, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану және Шет аудандық археологиялық-этнографиялық мұражайларында өмірбаяны орналастырылған. Бұл көңілге зор мақтаныш сыйлайды.

Мүз жастанып, қар төсенген ардагерлердің ерлігі ешқашан ұмытылмақ емес.

Сәбира МАЙҚАНОВА,
Шет ауданы



Еске алу

Ұлы Отан соғысының ардагері –
Ануарбек РЫСПАЕВ



Біздің атамыз Ануарбек Рыспаев 1913 жылы 10 тамызда Қазақ КСР-і, Ленин ауданы, Қызылжар ауылында дүниеге келген. Еліне адал қызмет етуді өмірлік мұраты санаған азамат 1941 жылдың шілде айында, сұрапыл соғыс басталған шақта, Қиыр Шығыс майданының 1-армиясына қарасты 257-ші танк бригадасы құрамында әскерге шақырылып, майдан даласына аттанды.

Кіші сержант Ануарбек Рыспаев техникалық қамтамасыз ету ротасының қосалқы бөлшектер қоймасының меңгерушісі қызметін атқарды. Ол соғыс жылдарында өзінің біліктілігі мен жауапкершілігінің арқасында жауынгерлік міндеттерді мінсіз орындап отырды. Ануарбек атамыз Манычжурияны азат ету ұрыстарына қатысып, әскери техниканы – танктер мен доңғалақты машиналарды, сондай-ақ, қару-жарақты алғы шептегі бөлімшелерге дер кезінде жеткізумен көзге түсті. Қиын-қыстау жағдайда тактиканы дұрыс қолданып, бригада бөлімшелерін үздіксіз жабдықтап отырды.

Ерен еңбегі мен майдандағы жанқиярлығы үшін Ануарбек Рыспаев «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалімен марапатталды. Бұл оның батырлыққа толы өмір жолының лайықты бағасы еді

Соғыстан кейін туған ауылына оралған атамыз қарапайым еңбекпен елге адал қызмет етуді жалғастырды. Өмірлік серігі Ұлту әжемізбен отау құрып, бес бала тәрбиелеп өсірді. Қоғам арасында сыйлы, сауатты, парасатты азамат ретінде танылған Ануарбек атамыз бар ғұмырын Ақтөбе ауылындағы қойма меңгерушісі қызметіне арнады.

Ануарбек Рыспаев – ел үшін ерен еңбек еткен, ұрпаққа өнеге болатын, ардақты ардагер. Оның өмір жолы – нағыз ерліктің, еңбекқорлықтың, адалдықтың үлгісі.

Еске алушылар: **Марат-Дана, Қанат, Мәди.**

№195

Отчет ТОО «AlemGaz» об исполнении тарифной сметы за 2024 год

Характеристика компании

ТОО «AlemGaz» зарегистрировано в качестве хозяйствующего субъекта 14.10.2005 года и приступило к деятельности на рынке газоснабжения г.Караганды с января 2006 года.

Приказом ГУ «Управления по тарифам Карагандинской области» № 32-ОД от 15.02.2006 г. включено в местный раздел Государственного регистра СЕМ. Компания обслуживает:

Адрес	Кол-во ГРУ	Газопроводы всего, пм
Ленинский район	118	36 346
Советский район	101	28 633
Октябрьский район	40	14 592
Кировский район	2	754
Железнодорожный р-н	15	7 137
Всего по Караганде	276	87 462

Утвержденный тариф на 5 лет / ВКТ с 01.10.2023 по 01.10.2024, тенге/кг	Принято в ТС на 2024 год, тенге/кг	Объем оказываемых услуг в ТС, тыс. кг	Фактический объем оказываемых услуг, тыс. кг
83,2-79,86	117,73	2 549,79	2 395,18

Основные финансово-экономические показатели

Наименование показателей	2024 год
Коэффициент автономии (СК/СА)	0,26
Коэффициент рентабельности продаж.	0,33
Рентабельность по чистой прибыли.	0,04
Коэффициент оборачиваемости ДЗ в днях.	31,62
Коэффициент оборачиваемости КЗ в днях.	164,28
Коэффициент текущей ликвидности	1,36
Коэффициент быстрой ликвидности	0,75

Постатейное исполнение тарифной сметы, тыс.тенге

Наименование показателей	Утверждено в тарифе	Факт 2024 год	отклонения в %
Затраты на производство товаров и предоставление услуг всего	285 482,22	223 886,19	-22%
Материальные затраты	12 964,63	14 871,71	15%
Затраты на оплату труда ППП и налоги	227 800,02	155 352,61	-32%
Амортизация основных средств	2 518,95	2 518,95	0%
Ремонт	15 006,12	14 262,92	-5%
Услуги сторонних организаций производственного характера	16 247,84	17 440,73	7%
Прочие затраты	10 944,66	19 439,27	78%
Расходы периода, всего	12 876,16	14 145,49	10%
Затраты на оплату труда АУП и налоги	10 084,93	9 626,52	-5%
Амортизация		112,64	
Налоговые платежи и сборы	249,35	275,24	10%
Командировочные расходы		12,60	
Коммунальные услуги	30,25	38,95	29%
Услуги связи	113,74	188,17	65%
Услуги банка	486,01	293,97	-40%
Другие расходы	1 826,68	3 133,59	72%
Всего затрат	298 358,38	238 031,68	-20%
Прибыль		-46 752,61	
Всего доходов	298 358,38	191 279,07	

№86

ТОО «Кредитное товарищество «Бейбарыс» объявляет о продаже доли в УК 0,400% участников КТ. Участники Кредитного товарищества пользуются преимущественным перед третьими лицами правом покупки доли или её части при её продаже кем-либо из участников. Обращаться по адресу: г. Караганда, ул.Сатыбалдина, д.29/2, офис №1, тел. 8 7212 397412, 87003363739

Информация о реализации инвестиционной проекта за 2024 год в разрезе источников финансирования, тыс.тенге

Наименование мероприятия	Ед.изм.	Количество	Сумма инвестпрограммы		Собственные средства
			План	Факт	
Капитальные ремонты увеличивающие стоимость	установка	1	2 518,95	2 519,0	2 519,0

№208
СО

«Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қарағанды облыстық, қалалық және аудандық кеңестері Қарқаралы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Ойрат Ыбырайымханұлы Жүкібаевқа аяулы жары

Гүлжиян ӘМНҚЫЗЫНЫҢ қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасына, туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Ерлікке тағзым еткен эстафета

Шахтерлар шаһары атанған Қарағанды тек еңбегімен, мәдениетімен ғана емес, спорттағы жетістігімен де дараланған. Қаланың қарияларынан бастап, әлемдік аренада бақ сынап жүрген спортшылар да таңмен таласа жүгіруді дәстүрге айналдырғаны қашан?! Қала тұрғындарының спортқа деген сүйіспеншілігі қаланың рухымен біте қайнасып, өскелең ұрпаққа үлгі болып келеді. Осы бір ұрпақ сабақтастығының айқын көрінісі – облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің 78-ші мәрте ұйымдастырған жеңіл атлетикалық эстафетасы еді. Бұл жолғы эстафета Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мен Отан қорғаушылар күніне арналып отыр.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ерек мән, бөлек мазмұн

Биылғы эстафета – былтырғыдан өзгеше. Олай дейтініміз, эстафетаға қатысушылардың саны биыл 2050-ге жеткен. Ал, оның 100-ден астамы – ұзындығы 1300 метр қашықтықты құрайтын «Достық» жарысына қатысушы әуесқой спортшылар. Бұл қатарда спорт ардагерлері, мүмкіндігі шектеулі спортшылар мен әр жастағы балалар бар.

гінің директоры Қайрат Әбілда, медиа-холдинг директорының орынбасары, облыстық «Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы Оксана Мягких пен жеңіл атлетика ардагері Валерий Иванишко қатысты. Айта кетейік, биыл Валерий Семенович 80 жасқа толды. Спорт ардагері әлі күнге дейін Қарағанды қаласындағы жеңіл атлетика бойынша олимпиадалық резервтегі балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде жаттықтырушы болып еңбек етеді. Ширек ғасырдан астам спорттық мансабында талай



Эстафетаның ашылу салтанатына облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Нұрлан Бикенов, облыстық мәслихаттың депутаты, Ә.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған олимпиадалық резервтегі мектеп-интернат колледжінің директоры Ерден Халилин, «Saryarqa Aqragat» медиа-холдин-

турнирлерде топ жарды. Жұлдызы жарқырады. Енді шәкірт тәрбиелеп, бәсі биік бәсекелерге төрелік етіп жүр.

– Осындай эстафетаға белсенділік танытып, қатысып отырғандарыңызға облыс әкімінің атынан алғысымды білдіремін. Биыл жыл басынан бері Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай ұйымдасты-

рылған іс-шаралар легі көп. Қарағанды спортының мәртебесін асқақтата беріңіздер. Жарысқа қатысушыларға сәттілік тілеймін, – деді Нұрлан Рахметуллаұлы.

Сонымен қатар, Қайрат Әбілда мен Валерий Иванишко да сөз алып, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Әрі эстафетаның маңыздылығын да баса айтты.

«Индустриальная Караганда – 2025» жеңіл атлетика эстафетасының жеңімпаздары мен жүлдегерлері:	
11 жылдық жалпы білім беретін мектептер (ұлдар): I орын – №45 гимназиясы II орын – №3 гимназиясы III орын – Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицейі	Колледжер (II дивизион, әйелдер): I орын – Қарағанды машина жасау колледжі II орын – Қарағанды машина жасау колледжі III орын – Қарағанды агротехникалық колледжі
11 жылдық жалпы білім беретін мектептер (қыздар): I орын – №45 гимназиясы II орын – Шәкәрім атындағы гимназия III орын – Қаныш Сәтбаев атындағы гимназия	Өндірістік ұжымдар (ерлер): I орын – «KazProfTrans» компаниясы II орын – «QARMET» акционерлік қоғамы III орын – Қарағанды құю-машина жасау зауыты
9 жылдық жалпы білім беретін мектептер (ұлдар): I орын – №11 жалпы білім беретін мектеп II орын – №137 орта мектеп III орын – №64 жалпы білім беретін мектеп	Ұйымдар мен спорт клубтары (әйелдер): I орын – BUKETOV RUNNERS командасы II орын – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі III орын – SportWay клубы
9 жылдық жалпы білім беретін мектептер (қыздар): I орын – №60 орта мектеп II орын – №11 жалпы білім беретін мектеп III орын – №50 орта мектеп	Ұйымдар мен спорт клубтары (ерлер): I орын – ПСН-Б командасы II орын – КР Ішкі істер министрлігінің «БАРС» командасы III орын – Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі командасы
Колледжер (I дивизион, ерлер): I орын – «Bolashaq» Қарағанды жоғары колледжі II орын – Қарағанды жоғары политехникалық колледжі III орын – Қарағанды республикалық «Жас Ұлан» мектебі	Жоғары оқу орындары (ерлер): I орын – А.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернат II орын – Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті III орын – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
Колледжер (I дивизион, әйелдер): I орын – «Bolashaq» Қарағанды жоғары колледжі II орын – Қарағанды жоғары политехникалық колледжі III орын – Қарағанды жоғары гуманитарлық колледжі	Жоғары оқу орындары (әйелдер): I орын – А.Молдағұлова атындағы облыстық мамандандырылған мектеп-интернат II орын – Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті III орын – Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті
Колледжер (II дивизион, ерлер): I орын – Қарағанды кәсіби-техникалық колледжі	

Әдеттегідей эстафетаның қашықтығы – 3300 метр. Әрі 10 кезеңге бөлінген. Қатысушылар қаланың Оңтүстік-Шығысындағы Сарыарқа мен Тәттімбет көшесін айналып жүгіріп өтуі қажет. Биылғы бәсекеге тоғыз жылдық білім беретін мектептерден 19 ұлдар, 17 қыздар командасы қатысты. Яғни, қос топ бойынша жалпы саны 360 қатысушы тіркелген. Ал, 11 жылдық мектептерден келген қатысушылардың саны – 1170 спортшыға жетті. Мұнда 59 ұлдар және 58 қыздар командасы жасақталған. Колледждерден 150-ге жуық қатысушы келген. Одан – 10 ерлер, 5 әйелдер командасы жасақталды. Қаланың кәсіпорындары мен ұйымдарының, спорт клубтары мен күштік құрылымдардан келген 150-ден астам қатысушы 10 ерлер және 5

үшін 600 метр оңай емес. Бірақ, қарсыластарынан оқ бойы оза шығып, екінші этаптағы командаласына бірінші болып, эстафета таяқшасын берді.

– Эстафетаға бір ай бұрын дайындалдым. Саябаққа шығып жүгіремін. Әрі мектепте 100 метр қашықтыққа үнемі жүгіріп, жылдамдыққа дағдыландым. Дайындығымның арқасында бірінші болып эстафета таяғын жеткіздім. Әрине, мұндай қашықтықты бағындыру оңай емес. Бірақ, үнемі жүгіріп жүргеннен болар, қатты ауырсыну болмады. Былтыр дәл осы жерде, осы арақашықтықта жүгірген едім. Бірақ, екінші нүктеге төртінші болып жеткенмін. Биыл дайындықты қолға алып, қарсыластарымды басып оздым. Әсерімді сөзбен жеткізе алмаймын, – деді қатысушы Ксения Ильичева.



әйелдер тобына біріктірілді. Ал, жоғары оқу орындарынан 120 студент 6 ерлер және 6 әйелдер командасына бөлініп, сынға түсті. Айта кетейік, әр команда 10 қатысушыдан құралған. Әрі ерлер мен әйелдер өзара бөлек жарысты.

№45 гимназия оқушылары жарап тұр

Әуелі жарыс жолына мектеп оқушылары шықты. Бастапқы кезең, яғни, бірінші мен екінші кезеңнің арасы – 600 метр. Ал, қалғаны 300 метрден бөлінген. Барлық қатысушылар топтастырылған соң санатына қарай 10 кезеңге бөлді. Бірінші кезеңді 11 жылдық білім беретін мектептердің ұлдар тобы бастап берді. Ал, екінші болып, қыздар тобы жалғастырды. №37 мектептің қатысушысы Ксения Ильичева мектептің абыройын мойнына алып, мәре сызығын өзі бастап кесті. Әрине, қаршадай қыз

Ксения Ильичева өз этапында бірінші болып келіп, командасын жеңіске бір саты жақындатқанымен, эстафетадан жүлделі орынға іліге алмады. Осы санатта өнер көрсеткен командалардың арасында №45 гимназияның ұлдары мен қыздары қара үзді. Аталған мектептің ұлдар командасы биыл төртінші, қыздар командасы 12-ші мәрте чемпион атанған. Бұл мектептің оқушылары – спортқа жақын. Әрі әлемдік ареналарда атой салып жүрген үздіктер.

13 жастағы Елизавета Занько спортшылар әулетінде дүниеге келген. Кішкентайынан спортпен айналысып келеді. Өзі биіктікке секіруден облыс чемпионы екен. Осы эстафетада ең соңғы болып жүгіріп, командасына жеңіс сыйлады.

Бабына бағы сай келді

Биылғы эстафетаға Қарағанды жоғарғы политехникалық колледжінің командасы ерекше дайындалып келіпті. Бұл колледждің студенттері де спортқа бейім. Әрі әуесқой спортшылары да түрлі эстафеталарға қатысып, колледж намысын арқалап жүр. Сондай әуесқой спортшылардың бірі – Артем Козаков. Талай эстафеталардан жүлде салып жүрген спортшыны команда жаттықтырушысы ең соңғы этапқа қойыпты.

– Осы эстафетаға алғашқы рет қатысуым. Бұған дейін орталық саябақта өткен командалық эстафетаға қатысып, үздік атанғанбыз. Әрі сол эстафетадан екі мәрте командамызбен жеңіске жеттік. Өзім құтқару қызметі мамандығында оқимын. Бізде жаттығу жұмыстары күнде болады. Қандай жарыс болса да біз үнемі дайын жүреміз. Жаттықтырушым мені ең соңына қойды. Жалпы, өз басым алыс қашықтықта жүгіргенді ұнатамын. Себебі, демінді сақтап, бір қалыпта жүгіріп өтесін. Ал, мына эстафетаның қашықтығы қысқа. Маған «Соңына дейін бар күшіңмен жүгіріп өт» деген тапсырма берілді. Әрине, үлкен қашықтықта жүгіріп үйреніп қалған маған қиындау болды. Бірақ, мәрі сызығын бірінші болып кестім – деді ол.

«Bolashaq» жоғары колледжінің студенті Камила Нурғалиеваны бірі білсе, бірі білмес. Жас спортшы жеңіл атлетикадан бірнеше мәрте ел чемпионы. Яғни, қысқа қашықтыққа кедергілермен жүгіруден алдына қара салмайды. Осы эстафетада қыздар арасындағы бәсекеде өнер көрсетіп, командасына жеңіс сыйлады.

Ұлттық ұланның «Орталық» өңірлік қолбасшылығының 5451 әскери бөлімінің «Б» жасағынан келген Серік Саниязов та командасында ең соңғы болып өнер көрсеткеннің бірі. Әу баста бұл команда қатысушылары стартты бастағанда үшінші болып екінші нүктеге жеткен. Ал, екінші нүктеден үшіншісіне екінші болып барыпты. Ал, ең соңында тұрған Серік Қайратұлына эстафета таяғын үшінші болып алып келіпті. Әрі алдындағы екі команда қатысушыларынан көз мұғдармен 70 метр қашықтығы және бар. Бірақ, соған қарамастан қарсыластарын басып озып, мәре сызығын бірінші болып кесті.

Жігерге шектеу жоқ

Осымен алтыншы мәрте эстафетаға қатысқан Серікбол Сағындық биыл 65 жасқа келген. Ардагер үнемі осындай эстафеталарға қатысып, жастарға үлгі болып жүр. Тек жүгіріп қана қоймайды, қыста коньки теуіп, шаңғымен де сырғанайды. Үлкен теннисті де ойнайды екен. Сонымен қатар, аймақта бейімделген спортты да мытып жүрген «Батыл жүрек» қоғамдық қорының өкілі Гаухар Әкіжанова да осы эстафетаның «Достық» жарысына шәкірттерін алып келіпті. Биыл осы эстафетаға екінші мәрте қатысулары екен. Арнайы жаттығу жасап, үлкен дайындықпен келіпті.

– Қызым Аминаны арбада итеріп алып шықтым. Амина паралимпиадалық спорт түрі – бочча спортымен айналысады. Бүгін жарыс жолына 25 ерекше бала шықты. Бұл – біз үшін өзімізді өзгелермен тең дәрежеде көруге, күшімізді дәлелдеуге зор мүмкіндік. Жақында Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған марафонда екі спортшымыз бірінші орынды жеңіп алды, – деді Гаухар Әкіжанова.

Суреттерді түсірген
Александр МАРЧЕНКО

Оқырман есіне!

Газеттің келесі саны 13 мамыр, сейсенбі күні шығады

 Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет		Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жағнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген (R)	 Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZKX БИН 000840001412 Таралымы 4 724 №49 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 4 баста табақ.
Директор Қайрат Жүнісулы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА	Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы І.Д. МҰҚАЙ Жауапты хатшы С.Б. ІЛИЯШ	Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нура, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды к., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortaltyk.kz@gmail.com; ortaltyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortaltyk.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.	Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды к., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Жансая ОМАРБЕК